



Сурет – 22. Айнабұлақ 1 қорымы. №9 оба. Жерлеу



Сурет – 23. Айнабұлақ 1 қорымы. №9 оба. Алқадан сақталған моншақтар

Summary

The article discusses the main results of the study of the Shilikty-Tarbagatai archaeological expedition in the field season of 2018. Archaeological excavations were carried out at the Kоктубек burial ground, where 3 barrows were investigated, one of which belongs to elite monuments. also highlights the results of the excavations carried out on the monument Ainabulak-1.

Нұрсан Әлімбай

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік орталық музей директоры

ЖЕТІ ЖАРҒЫНЫҢ ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ НЕГІЗГІ НҮСҚАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

Мәселенің жосыны. Жеті Жарғы – қазақтың дәстүрлі әдеттік құқығының кодификацияланған қағидаларының жинағы ретінде арнайы зерттелініп отырған немесе жанама болса да қарастырылып келе жатқан іргелі тақырып. Бұл мәселеге байланысты сонау ХІХ-ғасырдың бас кезеңінен бастау алатын зерттеулер саны өзінің айырықша молдығымен дараланады. Біздің есебімізше қазірге дейінгі біртұтас тарихнамалық дәстүрді құрап отырған аталмыш зерттеулер мыңнан асып жығылады екен. Дей тұрсақ та, Жеті Жарғының генезисі, архитектурасы, логикасы, сан алуан құқықтық-институционалдық функциясы сынды аса қат мәселелер күні бүгінге дейін дәйекті шешімін таппаған іргелі тақырыптардың қатарына жатады. Тіпті, осы кодификацияланған әдеттік құқық ұстанымдар жинағының Жеті Жарғы аталу себебі ғылымда әлі күнге дейін даулы мәселелер болып саналады. Көп ғалымдар мәселенің осындай танымдық кемшін-кемістігін, ең алдымен, Жеті Жарғының жазба нұсқасының әлі күнге дейін табылмағандығымен немесе жарғы кезінде қағаз бетіне түспеген сыңайлы деген топшылаумен де түсіндіруге тырысады.

Меніңше, тақырыпты дендеп зерттеп-зерделеуді аталмыш уәжбен байланыстырудың еш қажеті жоқ. Одан гөрі отандық ғылымның іргелі жетістіктерімен қатар, өнегесі өркенді мемлекеттердегі әлеуметтік хәм мәдени антропологияның, соның ішінде, еліміздің ғылыми-білім кеңістігінде мүлдем қалыптаспаған нормативтік антропологияның методологиялық, тарихнамалық, әсіресе, деректану саласындағы танымдық тағылымы мол тәжірбиесін айырықша тиімді пайдалана білген жөн шығар. Осы парадигма тұрғысынан қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениеті хәм іс-тәжірбиесіне байланысты қолда бар сан алуан материалды зерделеген зерттеуші құқықтық нормативтік қағидалардың, ең алдымен, көшпелі социум

механизмдерінің идеологиялық негізі һәм негіздемесі болып табылатын «ата-баба жолы» деп аталатын ежелден жасап келген ұстанымдар жүйесін қорғауға бағытталғандығын айқын аңғара алады. Демек, мәселенің ілкімді шешімін көшпелі қоғам тіршілігінің әрбір кезеңдегі тарихи-мәдени контекстіндегі әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық, мәдени-рухани, институционалдық механизмдерінен іздестіру жөнінде болып отыр.

Бұл ретте, ең алдымен, көшпелі қоғамның табиғатына байланысты оның мүшелерінің отырықшы әлеуметтік-мәдени орта үшін аса қажетті есте сақтау және сан салалы коммуникативтік функция атқаратын жазу-сызуға соншалық мұқтаж бола қойған жоқтығын ескерген ләзім*. Соған қарамастан, дұрысы, жоғарыда айтылғандай, көшпелі қоғамның шаруашылық-экономикалық, рухани, институционалдық, тіпті, экологиялық табиғатына байланысты дәстүрлі қазақы ортаның әрбір мүшесі аталмыш қағидаларды жетік білуге әрі қатаң ұстануға тырысып отырды. Бұл жайтты айғақтайтын мәліметтер, әсіресе, фольклорлық материал, баршылық. Өйткені, көшпелі ортада ата-баба жолының ұстанымдарын білу һәм ұстану ғана оған және оның отбасына өз тіршілігін қамтамасыз ететін социумдағы тиісті субъектілік функция атқаруға мүмкіндік берді.

Ал, әртүрлі жайттарға байланысты социумдегі тәртіп бұзушылық немесе «шектен шығып, шығандады» дейтін қылмыс жасағандарға қолданылған нормативтік қағидалардың (принциптер мен нормалар) әрқайсысы, түптеп келгенде, ата-баба жолының тиісті ұстанымының табиғатынан «жөнге салу» принципі бойынша туындап, қалыптасты («жөнге салу» принципі әдет-ғұрыптық құқықтың қағидаларының нормативтік мәнін де, әдет-ғұрыптық құқық институционалдық механизмінің болмысын да білдіреді. Себебі, дәстүрлі құқықтық іс-тәжірбиеде бұзақылар мен «шектен шығып шығандағандар» (қылмыскерлер) ата-баба жолына кереғар іс-әрекеттің тікелей субъектілері ретінде емес, «жын-шайтан иектеп» азғындаған жандар ретінде тиісті жазаға кесіліп отырды).

«Жүгініс», «бидің билігі» немесе «билік жүргізу» (ресми әдебиетте «билер соты» деп аталады, бірақ бұл жасанды термин орыс тілінен енген «суд биев» деген ұғымның қазақша нұсқасы ғана) үрдісін әдет-ғұрыптық құқықтың нормалар мен принциптерін ешқандай жазу-сызудың көмегініңсіз-ақ ерекше жетік білетін әрі шешен һәм «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» принципі қатаң ұстанған билер жүргізетін. Сан алуан деректерде, соның ішінде, тіпті орыстың отарлық жүйесінің қазақ даласында дендеп орныққан кезеңіндегі материалдарда да, қазақ билерінің әдет-ғұрыптық құқықтың жазумен тіркелген қандайда болсын нұсқасын пайдаланды деген мәлімет атаулының сілемі де кездеспейтіндігі сондықтан. Бұл жайтты өз алдына іргелі зерттеуді (бәлкім бірнеше!) қажет ететін көшпелі қоғамдағы информациялық байланыстың табиғатымен және беріліс механизмімен түсіндіруге болады.

Жоғарыда қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетін, соның ішінде, Жеті Жарғыны зерттеу саласындағы орын алып отырған кемшілікті әдет-ғұрыптық құқықтың кодификацияланған аталмыш ұстанымдар жинағының хатқа түспеушілігімен немесе хатқа түссе де әлдебір себептермен жоғалып кетуімен байланыстырудың қажетсіздігін екшеп айтуымыздың себебі осында.

Сондай-ақ, әсіресе, мәселенің деректік негізі мен негіздемесі саласында да біраз кемшін тұстары кездеседі. Соның бірі Жеті Жарғының хатқа түскен орыс және қазақ тіліндегі нұсқаларының деректану тұрғысынан зерделеу мәселесінен туындайды. Әңгіме аталмыш әдет-құқықтық жарғыны ғана емес, жалпы көшпелілердің құқықтық мәдениеті мен іс-тәжірбиесін зерттеу саласындағы аталмыш нұсқаларының әрқайсысының деректік орны мен маңызы жөнінде болып отыр.

Тарихнамада, әсіресе, ғылыми ортаға жақсы мәлім ХІХ ғасырдың 10–30 жылдарында өнімді еңбек еткен орыс ғалымдары Я.Гавердовский, Г.Спасский, А.И.Левшин және совет дәуірі мен тәуелсіздік кезеңінде қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптық құқығын әр қырынан зерттеген Т.М.Күлтелеев, С.Л.Фукс, академик С.З.Зиманов, Н.Өсеров, С.Өзбекұлы, Ж.З.Кенжеалиев, Т.И.Сұлтанов сынды зерттеушілер Жеті Жарғының басты ұйымдастырушысы, идеялық ұйытқысы, әрі негізгі авторларының бірі әйгілі Тәуке хан (1698-1715-18 жж) екендігін

негіздейді. Тарихи деректер мен халық ауыз әдебиетіндегі мәліметтерге қарағанда, Тәуке ханды Тәуке, Текей, Тәуекел деп те атаған. Алайда, ханның шын есімі – Тәуекел Мұхаммед батыр хан. Ол – қазақ тарихындағы тағы бір әйгілі хан Салқам Жәңгірдің екінші ұлы (С.Г. Кляшторный, Т.А. Султанов. 1992. С. 304). Қазақтың ежелгі батыршылдық дәстүрінде төре тұқымдарының, соның ішінде, ханның батыр атауын сирек кездесетін жайт. Мұны, ең алдымен, төрелердің қазақ социумындағы өзіндік әлеуметтік және саяси статусымен түсіндіруге болады. Тәуке ханның ақылгөй, әрі қарапайым елбасы ғана емес, батыр деген бүкілхалықтық айырықша құрметті атаққа ие болуы оның сыртқы жаулармен бетпе-бет шайқастардағы жеке басының қаһармандығына, әрі қолбасшылық шеберлігіне байланысты болса керек. Бірақ, ханның халық арасындағы ең көп тараған және орныққан есімі әз-Тәуке. Бұл есім ханның ел-жұртына адал, билікке әділ, әрі дана сынды кісілік қасиетін айырықша бағалаған бүкілхалықтық құрметті білдіреді. Расында да, тарихи деректерде, әсіресе, фольклорлық шығармаларда әз-Тәуке хан билік жүргізген уақыттың қазақ тарихының «алтын ғасыры» екендігі, өйткені сол кезеңде «халық тыныштықта тіршілік кешкендігі және тәртіп, заң мен әділ соттың қауқарлы болғандығы» жөнінде көп айтылады:

Шығайдан соң орнына Тәуке қалды,

Кезінде әз Тәуке деп аты қалды.

Қазыбек, Төле, Әйтеке ақылшы боп,

Дейтұғын «Жеті Жарғы» заң шығарды (С.Зиманов, Н. Өсеров. IV Т. 2005. 288 б.).

Расында да, Жеті Жарғыны жасақтауды және оның қолданысын қазақ социумының барлық саласы мен деңгейінде жолға қоюды ұйымдастырған Тәуке хан болды. Ол үшін, әрине, хан бүкілхалықтық қолдауға ие болуы керек еді. Ханның ел-жұртына адалдығы мен шексіз берілгендігі, асқан ұйымдастырушылық қабілеті, көреген де, шебер саясаткерлігі, һәм жеке басының сыртқы жаулармен болған талай қанқасап шайқастарда сыналған, бек шыңдалған қаһармандығы сияқты біртуар қасиеттері оны халық арасында Әз атандырды, зор абырой әперді, даңққа бөледі. Сөйтіп, қазақ жұртының арасындағы беделді тұлғаларды, әсіресе, әйгілі батырлар мен сол заманда үш жүздің іс жүзіндегі билеушілері болған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды даңқты билерді айналасына топтастыра білді. Олардың халық басқару саласындағы мол тәжірибелерін мемлекет басқару ісіне тиімді пайдаланды. Осыған байланысты мол деректерді талдаған Т.И. Сұлтанов әділ атап көрсеткендей, бұл ұлы ханның табиғатынан мемлекет басшысы болуға жаратылған біртуар тұлға екендігін айғақтаса керек.

Көрнекті шығыстанушылар К.А. Пищулина мен Т.И. Сұлтановтың еңбектерінің материалдары Тәуке хан билік құрған кезеңде қазақ елі Сырдария бойындағы қалалар үшін Аштарханидтермен кейде соғысқа ұласып отырған ұзаққа созылған қалың үстінде болғандығын көрсетеді (К.А. Пищулина, С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов. С. 289-304.). Әсіресе, ойраттардың қазақ өлкесіне жүргізген әлсін-әлсін әскери шабуылдары ел-жұрттың берекесін алды. Тарихи деректер осынау аласапыран заманда Тәуке ханның қолбасшылығымен жалпы саны небәрі 80 мың ғана болған қазақ сарбаздары ойраттарды ойсырата жеңгендігін айғақтайды. Ханның шебер қолбасшылығымен де, жеке басының ерекше көзге түскен ерлігімен де бүкілхалықтық даңққа бөленіп батыр атануы осы айтулы жайтқа байланысты.

Алайда, сыртқы жауларға іргелі ел ретінде төтеп беру үшін әскери күштің тым жеткіліксіз фактор екендігін Тәуке хан да, үш жүздің бас билері де жақсы түсінді. Оның үстіне қазақ елінің қуатты әскери күшін жасақтау үшін де, ең алдымен, қоғамның әкімшілік-саяси жүйесін, соның ішінде, әсіресе басқару механизмін жетілдіру қажет болды. Бұл, өз кезегінде, көшпелілердің шаруашылық-экономикалық қауқарын қамтамасыз ететін ең пәрменді факторлардың бірі еді. Дәстүрлі қазақы ортадағы қоғамдық қатынастардың, соның ішінде, жоғарыда аталған әкімшілік-саяси жүйенің жаңа заманның өктем талабына сай жетілдірген нормалары мен принциптерінің бірыңғай кодификацияланған жүйесі, әрі идеологиясы болып табылатын заңдар жинағын жасау қажеттілігі осылай туындады. Жеті Жарғының пайда болуының негізгі себебі де осында. Осы ретте айта кетер жайт – Жеті Жарғы көшпелі ортада ежелден орнығып жасап келе жатқан әдеттік құқық қағидаларының негізінде жасалды және одан соншалықты ауытқи қоймаған да сыңайлы. Дәстүрлі қазақ социумының әдеттік құқық пен құқықтық

катынас саласын қазан төңкерісіне дейін зерттеген орыс ғалымдарының Жеті Жарғыны («Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» сияқты) ежелден қалыптасқан әдеттік құқық ұстанымдарының жаңа саяси ахуалға байланысты жетілдірілген нұсқасы деп санағандықтары сондықтан болса керек.

Деректерге, әсіресе, фольклорлық сюжеттердің тарихи қисынына қарағанда, Жеті Жарғы Тәуке ханның ұйымдастыруымен үш жүздің төбе билерінің тікелей қолдауымен, әрі араласуымен күз айында Күлтөбеде өткен бүкіл үш жүздің рубасылары бас қосқан жиында қабылданған. Қазақ фольклорында жиі айтылатын, халық жадында жатталып қалған әйгілі Күлтөбе Ташкент қаласынан оңтүстік бағытқа қарай 40 верста (1 верста 1,06 км-ге тең – ред.) қашықтықта Ангрен өзенінің сол жағалауында орналасқан. Қазақ тарихындағы ең айтулы саяси оқиғалардың бірегейі саналатын осы рубасы-ақсақалдар жиынының (орыс деректерінде собрание старейшин) Ташкент қаласына тым жақын жерде шақырылуы тегін емес. Деректер Күлтөбе жиыны ұйымдастырылған кезеңде, шамамен XVII ғасырдың 80-жылдары Тәуке ханның Ташкенттің де билеушісі болғандығын дәлелдеп отыр. Ханның Ханабад деп аталатын жылдың жылы мезгілдерінде мекендейтін қосынының Күлтөбеде орналасқандығы сондықтан.

Осынау ұлы жиынға кімдердің және неше адам қатысқандығы туралы деректер тым мардымсыз. Бар мәліметтерге сүйене отырып, академик С.Зиманов пен Н.Өсеров Күлтөбе кеңесіне қатысқан билердің ғана ұзын саны 40-қа жетті дегенді айтқан еді. Қазақстан тарихының қарастырылып отырған кезеңін зерттеуге, әсіресе өлшеусіз үлес қосқан Н.Г.Аполлованың материалына қарағанда, Күлтөбе жиыны жарты айға созылған екен (Н.Г. Аполлова. 1948. С. 115-129.). «Күлтөбенің басында күнде кеңес» дейтін әлі күнге дейін қазақ арасында кең тараған тұрақты сөз орамының мәні Жеті Жарғыны қабылдауға байланысты шақырылған осы ұлы жиынның ұзақ та, аса қызу талқылау үстінде өткендігін білдірсе керек.

Қазан төңкерісіне дейінгі Жеті Жарғының орыс тіліндегі негізгі нұсқалары. Көп ғалымдар айтатындай, әз-Тәуке ханның Жеті Жарғы жасақтауды қалай және қашан ұйымдастырғаны жөнінде сол кездегі ресми құжатталған дерек әлі күнге дейін табылған жоқ. Оның үстіне, Жеті Жарғы сол уақытта ресми құжат ретінде хатқа түскендігі туралы да ешбір мәліметтер табылмай отыр. Әзірге бар жазбаша деректер корпусы Жеті Жарғы қабылданған мерзімнен шамамен бір ғасыр өткен соң қалыптасты. Қазақы ортадағы әдеттік құқықты жетік білетіндердің ауызекі мәліметі бойынша жазылған олардың кез-келгені Жеті Жарғы түпнұсқасын бастапқы күйінде дөп бере алмайтындығы, әрине, түсінікті жайт.

Жеті Жарғыға байланысты деректер корпусының ең маңызды түрлерінің бірі, сөз жоқ, XVIII–XIX ғасырларда қазақ өлкесін тарихи, этнографиялық, статистикалық-экономикалық, географиялық және картографиялық тұрғыдан зерттеген орыс ғалымдарының еңбектері болып табылады. Деректің осы категориясында көшпелі ортадағы әдеттік құқыққа, соның ішінде, қарастырылып отырған Жеті Жарғыға қатысты мәліметтер де мол кездеседі. Жеті Жарғы фрагменттері 1820 жылы «Сибирский вестник» журналында жарияланған Г.Спасскийдің «Киргиз-кайсаки Большой, Средний и Малой Орды» атты мақаласына енді (Г.Спасский., 1820. С. 1-61; 185-188.). Ғылыми әдебиетте аталмыш жарияланым Жеті Жарғының бірінші нұсқасы, ал 1820 жыл осы заңдар жинағының әзірге белгілі тұңғыш хатқа түскен уақыты болып саналады. Алайда, мәселенің осы тұсында ерекше ден қоярлық түйткіл жайт бар. Бұл Г.Спасскийдің жарияланымындағы Жеті Жарғы жөнінде айтылған алғашқы мәліметтің уақытына, оның шынайы авторына, алғашқы нұсқасының тіліне және орыс тіліне қашан аударылғанына, сондай-ақ, осы мәліметтің 16 жылдан кейін (яғни едәуір уақыт өткен соң) жариялануына байланысты туындайды. Г.Спасский өзінің осы еңбегінде Жеті Жарғының қағидалары жөнінде мәліметті 1804 жылы сәуірдің 8-ші күні Жаппас руының старшыны Көбек Шүкірәлиевтің «татар тілінде» бергендігін атап өтеді: « ... известие старшины Яппаского рода Кубека Шукурәлиева [об Уложении Тауке хана], представленное им на татарском языке 1804 года апреля 8 дня ...».

Бірақ, орыс зерттеушісі аталмыш мәліметті тікелей өзі алғандығы, әлде басқа біреулер арқылы пайдаланғандығы жөнінде ештеңе айтпайды. Сондай-ақ, еңбекте К.Шүкірәлиевтің материалын орыс тіліне кімнің және қашан аударғанғаны туралы да ешқандай ақпарат жоқ.

Дегенмен, Г.Спасскийдің жоғарыда келтірілген сөзінің қисынын және К.Шүкірәлиевтің «татар тіліндегі» аталмыш мәліметтің әжептәуір ұзақ мерзімнен кейін (16 жылдан соң) орыс тілінде жарияланғандығын ескеріп, төмендегідей ой түюге болады.

Біріншіден, Г.Спасский К.Шүкірәлиевтің аталмыш мәліметін көрсетілген уақытта-ақ, яғни, 1804 жылы 8-сәуір күні «татар тілінде» жазылған дайын күйде алды. Өйткені, кез келген ауызша материалдарды соншалықты ұзақ уақыт бойы сақтау (оның үстіне «татарша» білмейтін орыс адамының) әсте мүмкін емес екендігі белгілі жайт. Кіші жүздің белді руларының бірі күллі Жаппастың рубасы (ру старшинасы лауазымы сол кезде рубасы дегенді білдіреді) болғанына және оның Жеті Жарғыны жетік білетіндігіне қарағанда, К.Шүкірәлиев өз заманының «игі жақсылар» деп аталатын дала аристократтарының бірі болғанға ұқсайды. Демек, ол Жеті Жарғы туралы көрген-білгенін, бек тоқығанын Г.Спасскийдің өтініші бойынша қағазға түсіріп берген сыңайлы. Олай болса, жоғарыда айтылғандай, Г.Спасский К.Шүкірәлиевтің ана тілінде жазған мәліметті пайдаланды деп айтуға толық негіз бар. Әйтпесе, «татар» тіліндегі аталмыш материалды хатқа түсірмей 16 жыл бойы сақтау (1804 жылдан 1820 жылға, яғни Г.Спасскийдің орыс тіліне аударып, жарыққа шығарғанға дейін) мүлдем мүмкін емес жайт қой!

Екіншіден, К.Шүкірәлиевтің, өкінішке орай, түпнұсқасы сақталмаған (әлде әзірше табыла қоймаған ?!) мәліметі татар тілінде емес, қазақ тілінде (әрине, сол кездегі стилдік ерекшелікпен) берілді деп нық қайыруға болады. Себебі, қарастырылып отырған кезеңде қазақ тілін татар тілі деп бағамдау орыс шенеуніктері, зерттеушілері мен саяхатшылары арасында кең тараған жайт болды. Оны Г.Спасскийдің жоғарыда аталған еңбегінің 54-інші және 291-інші беттерінде айтылған қазақтардың татар тілінде сөйлейді деген теріс пікірі де дәлелдейді: «язык киргизский есть истинный татарский, отличающийся от употребляемого Казанскими и прочими татарами не многими только словами ...» ((Г.Спасский., 1820. С. 54; 291.).

Сонымен, жоғарыда келтірілген қисындарға байланысты 1820 жылы «Сибирский вестник» басылымында жарық көрген Жеті Жарғы туралы алғашқы материал К.Шүкірәлиевтің қазақ тілінде өзі жазған мәліметінің орысша аудармасы деуге болады. Демек, осы Жеті Жарғының тұңғыш ресми жарияланған Шүкірәлиев-Спасский нұсқасы ретінде қарастырған жөн.

Жеті Жарғы келесі нұсқасын қазақ тарихы мен этнографиясын өз заманында біршама терең зерттеген А.Левшин 1832 ж. басылып шыққан өзінің әйгілі «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде жарияланғандығы ғылымға жақсы мәлім (А. Левшин. 1832. Ч.3. С. 170-178.). Көрнекті шығыстанушы Т. И. Сұлтановтың пікірінше, бұл материал Жеті Жарғының ресми жарық көрген екінші нұсқасы болып табылады (С.Г. Кляшторный, Т.И.Султанов. С. 317-324.). Жеті Жарғының алғаш рет ресми жарық көрген аталмыш екі нұсқасы, сөз жоқ, қарастырылып отырған Тәуке ханның заңдар жинағын ғана емес, дәстүрлі қазақы ортадағы әдеттік құқықтың құрылымы мен сан алуан реттеуші функциясын зерделеуге қажетті деректердің көрнектілерінің бірі деуге болады.

Аталмыш екі нұсқаға өзінің танымдық мүмкіншілігі жағынан деңгейлес тағы бір нұсқа ХІХ ғ.-дың басында қазақ тарихы мен тұрмысын көп зерттеген орыс офицері Г.Гавердовскийдің кезінде жарияланбаған екі еңбектеріне енгізілді (бұл нұсқаның өзі екеу – толық емес және толықтырылғаны). Бұл еңбектердің біріншісінің атауы төмендегідей: «Журнал, веденный Свиты его императорского величества поручиком Гавердовским и колонновожатыми Ивановым и Богдановичем во время следования их по высочайшему повелению чрез киргизскую степь в провинцию Бухарию, с различными наблюдениями, с описанием всех случившихся происшествий равно как и о возвращении в Россию в 1803 году, с кратким уведомлением об отправлении посольства в азиатское владение» (Г.Гавердовский, 2007. С.17.).

Еңбектің атынан-ақ Г.Гавердовский бастаған сауда-дипломатиялық экспедицияның (миссияның) мақсат-мүддесі, аталмыш еңбекке қажетті материалдарды жинақтаған негізгі тұлғалар және экспедиция мен еңбектің жасалу мерзімі жөнінде біраз түсінік алуға болады. Еңбектің атауын толық келтіріп отырғанымыздың себебі де осында.

Бірінші еңбек қазақ өлкесі арқылы Бұқарға 1803 ж. ұйымдастырылған орыстың сауда-дипломатиялық экспедициясы барысында оның бастығы Г.Гавердовский және экспедиция саптарының (колонна) жетекшілері Иванов пен Богдановичтің арнайы жүргізген күнделік-журнал материалдарының хронологиялық реттелген топтамасы болып табылады. Қолжазбадағы автордың аты-жөніне қарағанда, оны өңдеп жүйелеп, баспаға әзірлеген Г.Гавердовскийдің өзі.

Орыс офицерінің екі бөлімнен тұратын екінші еңбегі «Обозрение киргиз-кайсацкой степи, или Описание страны и народа киргиз-кайсацкого» деп аталады. Бұл еңбектің бірінші бөлімі – осы күнделік-журналдың материалдарының толықтырылған нұсқасы. Ал, екінші бөлімі XIX ғ.-дың басына дейінгі қазақ тарихы мен этнографиясын сол кезеңдегі орыс тарихнамасында қалыптасқан дәстүрлі композициялық және методологиялық желіспен баяндауға арналған. Еңбектің осы бөлімінде орыс ғалымы әкелі-балалы П.И. Рычков (1712-1777), Н.П. Рычков (1746-1784) және П.С. Паллас сынды әйгілі зерттеушілердің еңбектерінің тарихи, этнографиялық, статистикалық және географиялық мәліметтері мол пайдаланған. Қарастырылып отырған шығарманың композициясы мен «идеологиясына» қарағанда, автор оны аталмыш ғалымдарға еліктеп жазғанға ұқсайды. Шынтуайтында, Г.Гавердовскийдің екінші еңбегінің осы бөлімін ғана қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасының қалпымен жазылған тарихи және этнографиялық зерттеу ретінде қарастырған жөн. Сонымен бірге, еңбектің осы бөлімінің басты деректік арқауы да жоғарыда аталған экспедиция күнделік-журналдың материалдары болғандығын аңғаруға болады. Демек, жоғарыда аталған күнделік-журнал материалдары негізінде жазылған бірінші еңбек пен «Обозрение киргиз-кайсацких степи...» атты шығарманы олардың композициялары мен деректік негіздерінің өзара себеп-салдарлық байланыстары тұрғысынан қарастыра болсақ, оларды жеке-жеке еңбектер ретінде жіктеудің тым шартты екендігіне көз жеткізу қиын емес. Өйткені, күнделік түрінде жазылған бірінші еңбек те, «Обозрение ...» деп аталатын еңбектің бірінші бөлімі де, сайып келгенде, соңғысының екінші бөлімінің қажетті деректік негіздемелері ғана.

Бірақ, бұл тұжырым Г.Гавердовскийдің аталмыш күнделік түрінде жазылған еңбегінің танымдық маңызын әсте төмендету емес. Орыс офицерінің аталмыш еңбектерінің әрқайсысының Қазақстан тарих ғылымында алатын өзіндік тарихнамалық және деректік орны бар. Г.Гавердовскийдің осы еңбектерінің танымдық тағылымын тарихнама, деректану, тарихи және этнология тұрғысынан зерттеуге тарихшы И.В. Ерофееваның көп жылғы қажырлы ізденісінің нәтижесінде олардың «Мәдени мұра» Ұлттық Стратегиялық жоба аясында жеке кітап болып 2007 ж. тұңғыш рет жарыққа шығуы өлшеусіз мүмкіндік ашып отыр.

И.В. Ерофееваның айтуына қарағанда, Г.Гавердовскийдің кезінде жарияланбаған аталмыш материалдарын, соның ішінде, Жеті Жарғыға байланысты мәліметін А.Левшин өзінің жоғарыда аталған іргелі зерттеуінде ешқандай сілтемесіз мол пайдаланды (И.В. Ерофеева. 2007. С.14.). Осы жолдардың авторының анықтауына сәйкес, аталмыш гәпті, мысалы, А.И.Левшин қолданған сөз орамдарының Г.Гавердовскийдің «Обозрение киргиз-кайсацкой степи, или Описание народа киргиз-кайсацкого» атты еңбегінің жоғарыда өз заманының толықмәнді зерттеуі ретінде бағамдалған екінші бөліміндегі сөз орамдарымен жиі кездесетін сәйкестілігінен аңғаруға болады. А.Левшин, тіпті, өзінің еңбегінің атауын да Г.Гавердовскийдің аталмыш зерттеуінің мазмұны мен атына еліктеп таңдады десек асырып айтқандық болмайды (әрине, өзінің тарихи және этнографиялық мәселелерді жүйелі, әрі толықмәнді зерттеуі жағынан Г.Гавердовскийдің шығармалары А.Левшиннің аталмыш еңбегіне деңгейлес емес).

Орыс офицерінің осы құнды еңбектеріне совет дәуірінде Қазақстанның кейбір тарихшылары мен этнографтарынан басқа зерттеушілер, соның ішінде, әсіресе қазақтың дәстүрлі әдеттік құқығының мамандары мүлдем назар аудармады десе де болады. Қазір де жете көңіл бөлініп отыр деп айтуға болмайды. Рас, 2005 ж. «Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер» деп аталатын 10 томдық іргелі еңбектің IV томына Г.Гавердовскийдің жоғарыда аталған күнделік түрінде жазылған еңбегінен Жеті Жарғыға байланысты үзінді енгізілді (Г.Гавердовский. 2005. С. 252.) Шынтуайтына келсек, томның осы

бөлігін дайындағандар үлкен ұқыпсыздық пен жауапкерсіздік көрсеткен. Өйткені, біріншіден, үзіндінің атауы «Тәуке ханның заңдары туралы» (орысшасы «О законах Тауке хана») деп берілуі ғылыми ақиқат пен этикаға кереғар жайт. Анығында, Г.Гавердовский өзінің еңбегінің осы үзіндісіне ондай атауды мүлдем берген жоқ, тіпті, онда Жеті Жарғы деген сөз де кездеспейді. Екіншіден, үзіндінің қазақшасы да, орысшасы да толық берілмегендігі өз алдына, оның Тәуке ханның заңдарының Г.Гавердовскийдің осы мәліметіндегі мазмұнын білдіретін ең негізгі бөлігі «ұмыт» қалдырылған. Шынтуайтында, Жеті Жарғыға байланысты осы IV томға енгізілген аталмыш үзінді – Г.Гавердовскийдің жоғарыда аталған күнделік түрінде жазылған еңбегіндегі толық емес нұсқасы ғана. Томды дайындағандар біраз ыждаһаттылық көрсетіп, орыс зерттеушісінің сәл кейін дайындаған «Обозрение киргиз-кайсацкой степи, или Описание народа киргиз-кайсацкого» атты еңбегінің екінші бөліміндегі Жеті Жарғы туралы толықтырылған және өңделген материалдарды енгізулері керек еді.

Рас, Г.Гавердовский осы ретте де Жеті Жарғы ұғымын қолданбаған. Бірақ, еңбектің осы тұсында Тәуке хан мен Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды үш жүздің ұлы билерінің заңды халық арасында бірлікті күшейту мақсатында жасағандары анық айтылған. Демек, автордың сөз еткен заңдар жинағының Жеті Жарғы екендігі даусыз. Жеті Жарғыға байланысты Г.Гавердовскийдің осы толықтырылған материалы қазақы ортада қолданыста болған әдеттік құқықтың негізгі нормаларын біршама тарихи-этнографиялық дәлдікпен бергендігімен ерекшеленеді. Бұл тұрғыдан келгенде, Жеті Жарғының Г.Гавердовский жазып қалдырған нұсқасы Шүкірәлиев-Спасский нұсқасынан біршама толық, әрі нақтылау деп бағамдауға әбден болатындай.

Бұл жерде Г.Гавердовскийдің материалдарына қатысты «тарихи-этнографиялық дәлдікпен бергендігімен ерекшеленеді» деген бағам, әлбетте, салыстырмалы түрде айтылып отыр. Анығында, Шүкірәлиев-Спасскийдің де, А.И.Левшиннің де, Г.Гавердовскийдің де нұсқалары орыс тілінде жазылғандықтан, осы заңдар жинағының көшпелі ортаға ғана тән бар қолданыс ерекшеліктерін баз қалпында бере алады деп, әрине, айту қиын. Өйткені, Т.И.Сұлтанов әділ атап көрсеткендей, аталмыш нұсқалардағы (соның ішінде, Т.И.Сұлтанов еңбектерінде де мүлдем қарастырылмаған Г.Гавердовскийдің материалдары да) Жеті Жарғының түпнұсқалық терминологиясы орысшаға аударылып хатқа түсіру барысында транспозициялық өзгеріске ұшырады. Сондықтан үш нұсқаның да көшпелі ортадағы әдеттік құқықтың ежелден орныққан ұғымдар мен категориялар жүйесінің дәл мағынасын білдіре алмайтындығы түсінікті жайт (С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов. 1992. С.317.).

Бұл сыни сипаттама-талдауды, әлбетте, Жеті Жарғының осы үш нұсқасын тарихи, тарихнамалық, деректану, этнографиялық, әсіресе, тарихи құқықтану тұрғысынан зерделегенде олардың жоғарыда көрсетілген кемшін аспектілерін ерекше ескеруді меңзейтін салыстырмалы бағамдау деп қабылдаған ләзім. Төменде ғылыми ортаға әбден танымал болса да А.И.Левшин нұсқасымен бірге, осы жолдар авторының жіктемесіне сәйкес, Г.Гавердовский мен Шүкірәлиев-Спасский нұсқаларының қазақ тіліне аударылған мәтіндері беріліп отыр. Мұндай тәсіл, сөз жоқ, аталмыш нұсқалардың әрқайсысының құрылымдық және функционалдық болмысын, әрі олардың арасындағы өзара себеп-салдарлық байланысқа негізделген сабақтастықты зерделеуге мүмкіндік береді.

Шүкірәлиев-Спасский нұсқасы. Халықтың әрбір бөлігінде қоғамдық істерді жоғары тәртіппен басқару үшін беделді аксақалдар (рубасылар, билер, аксақалдар – ред.) Тәуке ханның кеңесі бойынша үш бас аксақалды (үш төбе биді – ред.) сайлады. Рулардағы болуы мүмкін тәртіпсіздіктер үшін хан алдындағы жауапкершілікті күшейту мақсатында оларға әрбір ауылдың билерінің билігіне тікелей бақылау жүргізу міндеті қойылды. Осындай мәртебеге Ұлы жүзде Төле би, Орта жүзде Қазыбек би, Кіші жүзде Әйтеке би (түпнұсқа мәтінде Итка – ред.) ие болды.

Қырғыздар (қазақтар – ред.) бәлкім тым мүдделі болғандықтан ба, әлде, білместіктен бе [көшпелі ортадағы] қоғамдық заңдардың жасалғандығын осы ханға жөнсіз телиді. Бір кездері [қоғамдық күш-қуаты] бірге күшейіп, бірте әлсіреп отырған бұл заңдар бұрын да болған шығар. Өйткені, Тәуке халық арасында әлсіреп бара жатқан әлгі заңдардың күшін қайтадан

қалпына келтіруге кірісті. Қалай дегенмен де, бұл ерекше көңіл аударарлық жайт. Себебі, жақсы ережелерсіз қоғамдық күйді қамтамасыз ету мүмкін емес. Осы заңдарға мынандай ережелер кіреді:

1. Қан төгілгені үшін қанмен кек қайтарылады, зорлық жасағаны және әйгіленген зинақорлыққа барғаны үшін өлім жазасына кесіледі. Алайда, жәбірленушінің келісімі бойынша, өлім жазасы қылмыскердің бүкіл руластары өлтірілген немесе зәбір көрген адамның байлығы мен тегіне байланысты 200 бен 1000 мөлшері аралығында жылқы болмаса осыған сәйкес келетін мүлік төлеуімен алмастырылады. Бұл құн, яғни қан төккеннің ақысы деп аталады;

2. Біреуге зақым келтіргені үшін айыпталушыға сондай зақым келтіріледі немесе айыптаушының келісімімен айыпталушыдан айыптаушының пайдасына мал мен мүлік өндіріледі. Мерткітірудің орнын толтыратын ақы деп аталады;

3. Мал ұрлап ұсталған адам ұрланған малға қоса үш тоғыз төлейді. Сонымен қатар, ол ұрланған түйелер үшін бір тұтқынды, жылқылар – түйе, қойлар – жылқы және т.б. малы ұрланған адамға қосымша береді. Тоғыз рет қолға түскен ұры өлім жазасына кесіледі. Ұрлыққа байланысты төленетін айып айбана, яғни ұрлықтың орнын толтыратын ақы деп аталады;

4. Егер айыпталушы кесімді ақыны төлей алмаса, онда оны оның бірге көшіп-қонып жүрген ауылы төлеуге тиіс;

5. Ұрланған заттың санына байланысты ұры оның мөлшеріне қоса қосымша жылқы мен түйе және т.б. мал-мүлік төлейді;

6. Айыптаушы қылмыскердің қылмысын дәлелдеу үшін бейтарап үш куәгерді куәлікке әкелуі керек;

7. Дауды билер мен төрешілер немесе айыпты мен айыпталушының ауылдарының ақсақалдары бірлесе шешеді. Сонымен бірге, екі тараптың тәжірибелі, әрі беделді ақсақалдарынан екі ара ағайын жүреді.

8. Айыпталушы билердің шақыруына келмесе, онда оның жақын туысы жазаланады немесе айыпталушының ауылы кесімді айып төлеп, жаңа жазаға кесілуден сескенгендіктен айыпталушыны билер сотының шешімін орындатуға міндеттенеді;

9. Айыпқа кесілгендер тиісті айыбын және оның қосымшасын төлемесе, сондай-ақ, рубасы айыпталушыны жасырып, әрі өзі осы істің шешімін табудан жалтарса, онда жәбірленушілер өзінің жақтастарын жинап, айыпталушының ауылынан оның қылмысына пар-пар малды жасырын алып кетуге құқылы; өз ауылына келгеннен кейін ауылбасына және жол-жөнекей кездескен беделді адамдарға болған жайтты хабарлауға тиісті;

10. Билер мен ара ағайындарға қылмысты істің кесімін жасауға қатысқандары үшін оларға айыпталушыға кесілген құнның оннан бірі беріледі;

11. Сұлтандар, яғни хан балаларынан басқа қару ұстауға жарамды қырғыздардың (қазақтардың – ред.) бәріне салық салынады. Хан немесе елбасы (мәтінде правитель – ред.) жылына қол астындағы әр үйдің малының 20-дан бір бөлігін алады. Халық басқаратын билердің де үлесі осындай мөлшерде болады;

12. [Тәуке ханның Жарлығы бойынша], бүкіл қоғамға қажетті өзекті мәселені талқылап шешу үшін немесе қайтыс болған ханның орнына хан сайлау мақсатында күздің бір айында ел-жұрттың ең ортасында ақсақалдар, сұлтандар мен ханның бас қосқан жиыны өтеді;

13. [Тәуке ханның шешімі бойынша], ашық аспан астындағы жиынға әрбір қазақтың қару-жарақпен келуі – оның қасиетті борышы. Әйтпесе, кеңесте оның дауысының күші болмайды және одан кішілер оған орын бермейді;

14. Сонымен бірге, Тәуке хан өзінің ережелеріне аңшылық пен атпен серуен құрудың (түпнұсқа мәтінде ристание – ред.) қажеттілігі жөнінде [арнайы бап енгізуді] ұмытқан жоқ. Осыларды тіршіліктегі бірден бір ләззат алатын әрекеттерге балағандықтан оған әйелдерді де тартты;

15. Отбасылар аралық дау-дамайды азайту мақсатында ру таңбалары бірнеше топтарға бөлінеді. Сөйтіп, рудың әрбір тармақтары малдарына өзінің таңбасын басады.

Осындай шаралармен ел-жұрттың тыныштығын қамтамасыз ету арқылы хан сыртқы жауларға қарсы бұқара халықтың рухы мен қауқарын жұмылдырды... (Г.Гавердовский. 2007. Ч. 2. С. 389-391.).

Шүкірәлиев-Спасский нұсқасы. Ертеректе қазақтар өзара ортақ келісіммен Тәуке сұлтанды өзінің ханы етіп сайлады. Осы уақытпен тұспа-тұс қазақтардың Ұлы, Орта және Кіші жүз рулары бір-бірден өздерінің төбе биін таңдады. Ұлы жүздің төбе биі – Төле би, Орта жүздің төбе биі – Қазыбек би, Кіші жүздің төбе биі – Әйтеке би болып сайланды. Хан билермен кенесіп, қазақтар арасында орын алған дауларды реттеу үшін (бұрын қазақтар арасында болған) төмендегі ережелерді жасап, бекітті:

1. Кімде-кім адам өлтірсе, қанға – қанмен жауап берді немесе адам өлтіргені үшін айыпкердің руынан 200 жылқы өндіріледі;

2. Еркекті, мысалы қамшымен, ағашпен мерткітіргені немесе жарақаттағаны үшін жәбірленушінің жарақаты тексеріліп, келісім бойынша айыпкер мал төледі немесе ол қамшыға – қамшымен, ағашқа – ағашпен соққы алып жазаланды, мерткітіргені үшін оған сон-дай мерткітіру шарасы қолданылды, егер кісі өлтіруші мал төлеуге кесілген жағдайда оның барлық руластары бірігіп жәбірленушінің тарапына мал төлейді;

3. Әйелдің ары үшін – кімде-кім зорласа немесе күшпен бұзық жолға түсірсе, онда айыптыны өлтірді немесе абыройын төккені үшін одан 200 жылқы өндіріледі;

4. Кімде-кім түйе ұрлап, оның айыбы дәлелденсе, бір түйе үшін айыпты үш тоғыз түйе мен бір қызметші береді, егер ұрланған түйе көп болса айып көлемі де оған сәйкес өндіріледі;

5. Жылқы ұрлағаны үшін айыпкерден әр жылқыға үш тоғыз жылқы мен бір түйе өндіріледі, егер ұрланған жылқы көп болса айып көлемі де оған сәйкес өсімімен өндіріледі;

6. Ірі қара мал ұрлаған айыпкер әр бас үшін үш тоғыз ірі қара және бір түйе төлеуге кесіледі;

7. Ұсақ малды ұрлағаны үшін айыпкерден жоғарыдағы тәртіп бойынша әр басқа үш тоғыз ұсақ малмен бірге бір жылқы өндіріледі;

8. Мал-мүлікті ұрлағаны үшін айыпкерден ұрланған заттың құны мөлшеріне сәйкес түйемен және өзге мал басымен өндіріледі;

9. Түйе және жылқыларды ұрлаған ұрылар айыпты мойындағанда немесе айыптының ұрлағаны төрт куәгермен дәлелденсе, басқаларға сабақ болу үшін (үрей туғызу үшін) өлім жаза-сына кесіледі;

10. Өлген адам мұрагерлері малынан айырылған адам айыптыларды істі қарау үшін билердің алдына алып келе алмаса немесе оған шамасы жетпесе, ал хан мен билердің айыптыларды ұстау үшін қажетті әскери күші болмаса, онда жәбірленуші малы барымталанғандар ұрыны күштеп бидің алдына алып келу үшін барымта арқылы шығынның төрттен бір бөлігі мөлшерінде күндіз немесе түнде жасырын түрде малды ұрының руынан қайтарып ала алады;

11. Жәбірленуші рұқсат етілген мөлшерде мал барымталайды, барымтада тәртіп бұзылмауы тиіс. Барымтаға аттанар кезде бұл жағдай ру басшылары мен игі жақсыларға, ал барымтадан олжалы қайтқан кезде жолда кездескен барлық ауылдарға немесе адамдарға айтылады, егер ол малды жасырып ұрлап, оның барымта-да белгіленген мөлшерін сақтамаса, ұстап қалса немесе сатып жіберсе, онда ұрыларға белгілінген жазаға кесіледі (Г. Спасский. 1820. Ч.9. Кн.2. С.185-188.).

А.И.Левшин нұсқасы. Қазақтар аңсап еске алатын алтын ғасыр Тәуке хан билік құрған заман болатын. Оның ерекше басқарушы болғандығы сонша, оны қазақ тарихында Солондар мен Ликурттердің қатарына қоюға болады. Ол ұзақ уақыт бойы тынышсыз өмір кешкен рулар мен тайпаларға нақты құрылым мен тәртіп енгізіп қана қойған жоқ, сонымен бірге көптеген заңдарды да өмірге әкелді. Ұлы және Орта жүз қазақтары олардың қолданылып жүрген заңдарының Тәуке ханнан да көне екендігін айтады. Қырғыз-қайсақ заңдарын кім бірінші шығарған деген мәселеге тоқталмастан, осы заңның ережелеріне қысқаша тоқталып өтейік.

1. Мұнда бірінші орын кек алу заңына берілген: қанға – қан, жарақат үшін сондай жарақат салу қағидасы қолданылады (Droit du taillon – талион принципі);

2. Ұрлық, тонау, зорлау, көзге шөп салу үшін өлім жазасы кесіледі;

3. Кісі өлтірген қылмыскерді өлтірілген адамның туыстары өлтіруге құқылы болды; қолын, аяғын, құлағын, т.б. дене бөліктерін кескен адамға дәл осындай жаза қолданылсын. Бірақ жаза бидің үкімімен немесе талапкердің келісімімен жеңілдетілуі мүмкін, бұл жағдайда кез келген қылмыскер құн төлеп құтыла алады. Қылмыскер өлтірілген ер адам үшін 1000 қой, әйел адам үшін 500 қой құн төлеп, өз өмірін сақтап қала алады. Біреудің дене мүшелеріне зақым келтірген немесе кесіп тастаған адам оған теңестірілген көлемде малмен құн төлейді. Бас саусақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой, т.б.;

4. Кімде-кім сұлтанды немесе қожаны өлтірсе, өлтірілген адамның туыстарына жеті адамның құнындай құн төлейді. Сұлтанды немесе қожаны сөзбен жәбірлеген адам 9 мал айып төлейді, ал егер ұрып-соқса 27 мал айып төлейді;

5. Егер әйелі күйеуін өлтірсе өлім жазасына кесіледі және ешқандай құн төлеу арқылы құтыла алмайды. Бір ғана жайт, егер күйеуінің туыстары кешірім жасаса ғана өлім жазасынан құтылуы мүмкін. Бірақ күйеуін жүкті әйел өлтірсе оған жаза қолданылмайды, халық алдында жексұрындыққа ұшырайды және маскара жан деп есептелінеді. Егер күйеуі әйелін өлтірсе, ол өлім жазасынан құн төлеп құтылады;

6. Ата-анасы өз балаларын өлтірсе, ешқандай жазаға тартылмайды. Бірақ, егер әйел некесіз туған нәрестесін ұялғанынан өлтірсе, өлім жазасына кесіледі;

7. Өзін-өзі өлтіргендер бөлек жерленеді;

8. Егер әйелді атты адам қағып кетіп, зақым келтірсе және нәтижесінде ол өлі бала туса, кінәлі адам келесідей тәртіп бойынша құн төлейді: егер іштегі бала 5 айға дейінгі болса – әрбір айына бір жылқыдан; 5 айдан 9 айға дейінгі бала болса – әрбір айына бір түйеден төлейді.

9. Зорлау кісі өлтірумен тең, сондықтан ол үшін өлім жазасы қолданылады немесе күйеуіне әйелі үшін құн төлейді, қыз үшін туыстарына құн төлейді; бірақ егер зорлықшы өзі зорлаған қызға үйленсе және қалыңмал төлесе, өлім жазасынан да, құн төлеуден де босатылады;

10. Күйеуі егер әйелін өзінің көзіне шөп салып жатқан жерінен үстінен түссе, әйелін өлтіріп тастауға құқылы. Басқа жағдайлардың барлығында күйеуі билер сотынан егер олардың қылмысы дәлелденсе, сенімсіз әйелін және оның азғырушысын өлім жазасына кесуді сұрап жүгіне алады; егер 4 адал адам олардың кінәсіздігіне ант берсе, сот оларға ешқандай жаза қолданбайды;

11. Біреудің әйелін оның келісімінсіз алып кеткен адам өлім жазасына кесіледі немесе құн төлейді. Ал егер біреумен қашып кетуге әйелдің келісімі болса, алып қашушы ол әйелдің күйеуіне қалыңмал төлеп және үстіне қалыңсыз бір қыз беріп жазадан құтылады;

12. Әйелді ренжіткен адам кешірім сұрауы тиіс, ал егер кешірім сұраудан бас тартса, масқаралағаны үшін құн төлейді;

13. Туыстар бір-біріне үйленсе оларға өлім жазасы қолданылады, бірақ өлім жазасы туыстардың шешімі бойынша ғана басқа жазалармен ауыстырылады, өйткені қылмыстың мұндай түрі бөтен адамдардың қарауына берілмейді;

14. Құдайға тіл тигізгенді жеті адам куәландырса, ол таспен атып өлтіріледі;

15. Кімде-кім христиан дінін қабылдаса, оның туыстары бүкіл мүлкінен айырылады;

16. Құлдың қожайыны оның өмірі мен өліміне шексіз билік етеді. Құлдың қожайынының үстінен берген арызы ешқайда қабылданбайды;

17. Егер ұл әкесіне немесе шешесіне қарсы ренжітіндей сөздер айтса немене сабаса, оны қара сиырға теріс қаратып отырғызып, мойнына қара бау тағып, жетектеп бүкіл ауылды аралатып, қамшымен сабатылады; егер қыз ата-анасына тіл тигізсе немесе қол тигізсе, оның қол-аяғын байлап, жазалау үшін анасының билігіне беріледі;

18. Ұрлық жасаған адам ұрланған малды (мүлікті) үш тоғыз (27) есе көлемде қайтарады, бұл жаза айбана деп аталады. Егер мал ұрласа: түйе үшін – онымен қоса бір құл, жылқы ұрласа – онымен қоса бір түйе, қой ұрласа – онымен қоса бір жылқы қайтарады. 100 түйе 300 жылқыға және 1000 қойға тең;

19. Кімде-кім бір мезгілде кісі өлтірсе және ұрлық жасаса, ол екі қылмыс үшін де жауапқа тартылады;

20. Әйелі және балалары күйеуінің немесе әкесінің қылмысын біле тұра жасырса, жазаға тартылмайды. Өйткені, отбасындағы үлкендерге қарсы шығуға болмайды;

21. Аңшы иті мен бүркіті өлтірілген иесі олардың әрқайсысының орнына құл не күң талап етуге қақысы бар;

22. Егер жеке отау құрған балалары жоқ ұл қайтыс болса, оның барлық мал-мүлкі әкесіне көшеді. Ата-аналары жоқ жас балалар жақын туыстардың қамқорлығына беріледі. Егер жақын туыстар болмаса, бөтен болса да сенімді адамдардың қарауына тапсырылады;

23. Діни өсиеттер туыстардың және молданың қатысуымен атқарылады;

24. Бөтен біреудің қолындағы жылқылар, сиырлар, қойлар төлімен қайтарылады. Оның құрамына барымталанған мал кірмейді. Осы тұста айыпкер тарапынан ешқандай жасырын іс болмағандығын анықтау мақсатында ол ант беруі тиіс;

25. Дау-дамайларды қарастырып, қылмыскерлерге үкім шығаруды ханнан басқа талапкер мен жауапкер ауылының ақсақалдары, рубасылары бейтарап екі адамды куәлікке шақырып жүзеге асырады;

26. Егер жауапкердің билерге қатысты күдігі болса, ол олардың билігінен бас тартуға құқылы;

27. Егер жауапкер сотқа келмесе немесе бекітілген айыпты төлей алмаса, жауапкердің ауылы немесе туыстары төлейді. Бұл жағдайда шығынданған ауылы мен туыстарына одан әлгі шығынды өндіріп алуға құқық беріледі;

28. Қылмысты дәлелдеу үшін екіден кем емес, ал кейде үштен кем емес куәгерлердің куәліктері қажет. Егер куәгерлер болмаса, ант беруге мүмкіндік беріледі. Бірақ антты талапкердің де, жауапкердің де өздері бере алмайды. Олардың орнына өзінің адалдығымен танымал болған адамдар ант береді. Егер ешбір жан айыпталушы үшін ант бермесе, ол жазаға кесіледі. Ант беруші ретінде әйелдер, құлдар, балалар куәлікке жүрмейді;

29. Билер мен аралық делдалдар даулы істі шешкені үшін бүкіл өндірілетін айыптың оннан бір бөлігін алуға құқылы;

30. Егер айыпталушы сот үкімін орындамаса немесе ауылбасы істі тергеуден қасақана жалтарса жүрсе, сөйтіп айыпталушыны жақтағаны үшін талапкер өз ауылының ақсақалдарының рұқсатымен барымта жасау құқығына ие болады. Яғни, талапкер өз туыстарымен немесе жақын көршілерімен бірге айыпталушының ауылына барып, жасырын түрде оның малын айдап әкете алған. Бірақ, ауылына келісімен бұл жөнінде ауыл ақсақалына хабарлауы тиіс. Ауыл ақсақалы айдалып әкелінген малдың көлемі қойылған талаптың көлеміне сәйкестігін тексереді.

Осы заңдарды Тәуке ханның келесі ережелері толықтыруға тиіс:

31. Жыл сайын күзде ханның өзі, сондай-ақ барлық сұлтандар, ақсақалдар мен рубасылар ел-жұрттың дәл ортасына белгіленген жерге халықтық істерді талқылау үшін жиналады;

32. Осы жиналысқа бір де бір қазақ қару-жарақсыз келмеуге тиіс. Қарусыз адамның дауыс беретін құқығы болмайды және оған жасы кішілер орын бермеуіне болады;

33. Сұлтандардан басқа кез келген қару ұстай алатын адам ханға және халықтық басқарушыларға жыл сайын өзінің бүкіл мал-мүлкінің 20-сыншы бөлігін төлейді;

34. Әрбір үрім-бұтақтың, рудың және тайпаның өзінің таңбасы болуы тиіс (рәміздің орнына жүретін белгі). Бұл таратылып берілетін таңбалар мал мен мүліктің кімге тиесілі екендігін ажырату үшін олардың әрқайсысына міндетті түрде басылады (А.И. Левшин. Ч.3. 1832. С. 170-178.).

Бұдан басқа ғалымдар жиі қолданылатын 1816 жылы И.П.Шангин есімді орыс жиһангер-зерттеушісінің еңбегінде де қазақтың әдет-ғұрыптық құқығы жөнінде өте құнды мәлімет берілген (И.П. Шангин. 2005. С. 119-123.). Бірақ, бұл еңбекте аталмыш жарғы туралы ешқандай мәлімет берілмегендіктен, оны салыстырмалы түрде ғана Жеті Жарғыны зерттеуге қажетті (сөз жоқ, танымдық тағылымы айырықша құнды) материал ретінде ғана қарастыруға болады (осы ретте айта кетер жайт – бұл еңбектің мәліметтерін орыс ғалымдары мол пайдаландығы

аңғарылады. Мысалы, орта жүз қазақтарының әдет-ғұрыптық құқығы жөнінде 1824 жылы зерттеу жүргізген Д.Я.Самоковасов И.П.Шангиннің аталмыш еңбегіндегі тиісті материалды (тіпті еш сілтемесіз) толық пайдаланды. (Д.Я.Самоковасов. 1876. С.245-282.).

Жеті Жарғыға байланысты орыс тіліндегі материалдардың ішінде жоғарыда аталған үш нұсқадан басқа тарихнамалық жағынан да, деректану тұрғысынан да ерекше ден қоярлық құнды еңбектер ХІХ ғ.-дың екінші жартысында көп басылып шықты. Солардың ішінен қазақы ортадағы әдеттік құқықтың қолданысына, әсіресе, Жеті Жарғыға тікелей қатыстылары ретінде П.Е. Маковецкийдің (П.Е. Маковецкий. 1886.) Н.И.Гродековтың (Н.И.Гродеков. 1889.) Я.Гурляндтың (Я.Гурлянд. 1904.) және Ф.С.Леонтовичтің (Ф.С.Леонтович. 1869.) және қазақтың құқықтық мәдениеті жөнінде зерттеу жүргізілген қазан төңкерісіне дейінгі басқа да орыс ғалымдарының еңбектерін атап өтуге болады. Авторлар әдеттік құқыққа, әсіресе, Жеті Жарғыға байланысты қажетті мәліметтердің денін негізінен А.И.Левшиннің, шінара Шүкірәлиев-Спасскийдің нұсқаларынан алған. Ф.С.Леонтовичтің 1869 ж. жарық көрген еңбегінде Жеті Жарғының Г.Спасский (біздің дәйегіміз бойынша, Шүкірәлиев-Спасский) мен А.И.Левшин нұсқалары қазақы әдеттік құқықтың ежелден орныққан салаларына сәйкес тиістісінше 11 және 33 жікке (бапқа) бөлінген (Ф.С.Леонтович. 1869. С. 345.). Еңбектің осындай ерекшелігіне алғаш рет назар аударып, оны көпшілікке әйгілеген шығыстанушы Т.И.Сұлтанов. Бірақ, бұл ғалым А.И.Левшин нұсқасын Ф.С.Леонтович 34 бапқа бөлгендігін көрсетеді (С.Г.Кляшторный, Т.И. Султанов. 1992. С. 317-323.). Алайда, Ф.С.Леонтовичтің еңбегінің 245-бетінде Тәуке ханның заңдар жинағының мазмұнын А.И. Левшиннің жазып алған 33 фрагменттері негізінде бергендігі жөнінде айта келе, әрі қарай осы фрагменттерді А.И.Левшиннің еңбегіндегі рет бойынша, бірақ өз сөзімен толық қайталап шыққан (С.Г.Кляшторный, Т.И. Султанов. 1992. С. 317-323.). Демек, бұл ретте Т.И. Сұлтанов сәл қателік жіберіп отыр.

Т.И.Сұлтановтың Қазақстан құқықтанушыларының кейбіреулерінің пайдаланылатыны да Жеті Жарғының осы екі нұсқасының Ф.С. Леонтовичтің ретке келтіргендері дегені де шындыққа аса жанаса қоймайды (рас, отандық зерттеушілер, көбінесе, А.И. Левшиннің материалдарына сүйенеді. Шүкірәлиев-Спасскийдің нұсқасына мүлдем көңіл бөлінбейді десе де болады). Өйткені, Шүкірәлиев-Спасский мен А.И. Левшин нұсқаларына дендеп көңіл бөлген Қазақстан құқықтанушыларының кез келгені үшін аталмыш нұсқалардың әрқайсысын оның мазмұны мен құрылымдық қисынына және әдеттік құқықтың орныққан салаларына сәйкес тиісті баптарға бөлу айтарлықтай қиындық туғызған жоқ шығар.

Сонымен, осы және басқа авторлардың еңбектері Жеті Жарғы қабылданған мерзімнен 1,5 ғасырдан астам уақыттан кейін, яғни қазақ социумының тарихи әуселесі сарқылуға шақ қалған алмағайып кезеңде жазылғанына қарамастан, бұл зерттеулер Тәуке хан заманындағы әдеттік құқықтың кейбір іргелі қағидаларының қазақы ортада ХІХ ғ.-дың аяққы шенінде де қолданыста болғандығының ғылыми айғақтары іспеттес. ХІХ ғ.-дың, әсіресе, осы жүзжылдықтың екінші жартысындағы Қазақстан туралы, соның ішінде, көшпелі ортадағы әдеттік құқық, құқықтық қатынастар жүйесіне қатысты орыс тарихнамасы материалдары орыс отаршылдығының қыспағына түскен қазақ социумының осындай алабөтен ахуалға бейімделу механизмін жаңа ғылыми парадигма тұрғысынан зерделеуге шексіз мүмкіндік ашады.

Қазақ билерінен жеткен кейбір қолжазбалар жөнінде. Жеті Жарғының мазмұны мен құрылымы жөніндегі деректердің келесі категориясын ХІХ ғ.-дағы ел ұстаған әйгілі қазақ билерінен қалған қолжазбалар құрайды. Олардың дені ХХ ғ.-дың 50-70 жылдары ел арасынан академик С.Зиманов және тарихи құқықтану саласының көрнекті маманы Н.Өсеровтің тікелей ұйымдастыруымен жиналды (С.Зиманов., Н.Өсеров. 2005. 286-300 бб.). Соның ең алғашқыларының бірі – Қызылорда қаласының тұрғыны Әлқуат Қайнарбайұлы атты қарт шежірешінің Н.Өсеровке тапсырған қолжазбасы. Н.Өсеровтің айтуынша, осы қолжазбаның негізгі материалын жинақтағандар – «Шантайұлы Молдыйман, атақты шежіреші, ақын, шешен, 1846 жылы туып, 1927 жылы дүниеден өткен; Көлдейбекұлы Ерiмбет, ақын, шежіреші, 1844 жылы туып, 1916 жылы дүниеден өткен және Орманұлы Токболат, 1865 жылы туып, 1931

жылы дүниеден өткен. Осылардың деректерін жинап, бізге (Н.Өсеровке–ред.) жеткізген Қызылордалық шежіреші Әлқуат Қайнарбайұлы еді».

Қолжазба мәлімет бойынша, Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолындағы» жеті қағиданы жаңа заманның талғамына сай өзгерткен екен. Үш жүздің игі жақсылары әйгілі билердің тікелей атсалысуларымен жасақталған жаңа заңдар жинағының Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» аталу себебі осында болса керек. Төменде Н.Өсеровтің «Тәуке хан және оның билік құрған кезеңі» атты мақаласына енген Әлқуат Қайнарбайұлының қолжазбасының Жеті Жарғыға байланысты материалы еш өзгертусіз беріліп отыр (Н.Өсеров. IV Т. 2005. 360-382 бб.).

– «халықтың ханы, сұлтаны, пірі-әзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін»;

– «төрелер мен қожалардың жай қатардағы біреуі өлтірілсе, олардың әрқайсысына (ақсүйектен, пірдің тұқымы деп) екі кісінің құны төленуі тиіс»;

– «сырттан келген адам үйге кірерде мініп келген атын босағаға байлағандықтан біреуді теуіп өлтірсе «бүтін құн», үйдің жапсарына байланған ат теуіп өлтірсе «жарты құн», ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе тек «ат-тон» айып тартады»;

– «ата-анасын туған баласы ренжітіп, қарсы қол жұмсаса, онда ол баланы ата-анасы өлтіремін десе де ерікті, сұраусыз болады»;

– «кәмелетке жеткен баласы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қол тигізбесе) – кара сиырға немесе кара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды айналдыру керек»;

– «құда түсіп, құйрық-бауыр жескеннен соң ақ баталы жесір басқаға кетсе, оған берілген қалың мал жесір иесіне түгел қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қыздың қалыңмалы төленсін»;

– «ұрыдан айыр түйеге – нар, атқа – аруана, тайлаққа – атан, тайға – ат, қойға – тана төленеді. Оның үстіне үш тоғыз айып төлейді».

Көп жылдар бойы республикалық мұрағат басқармасының бастығы болған Сапар Байжанов жоғарыда келтірілген Әлқуат Қайнарбайұлының қолжазбасынан мазмұны мен құрылымы өз алдына, стильдік жағынан да еш айырмасы жоқ мәтінді өзінің 1989 ж. «Зерде» журналының 5-нөмірінде жариялаған мақаласына енгізді. Автор осы мәтіннің қалай жазылғандығы жөнінде төмендегідей мәліметті келтіреді: « ... Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» деген атпен белгілі қазақ жұртының әдепкі право Ережесінің ана тіліміздегі толық нұсқасын соңғы кезде ғана қолға түсірдік. Оны жазушы-этнограф Ж.Ахмадиев Түркістан қаласындағы белгілі Қожа Ахмет Иассауи музейінің экспозициясынан 1977 жылы көшіріп алған». Біраз жылдар өткен соң, яғни 1987 жылы С.Байжанов академик С.Зиманов пен Н.Өсеровке « ... қол астында істейтін қызметкері кезінде Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесін аралап жүріп, сарайдың ішкі жағында (қабырғасында?) жазылған «Жеті Жарғы» жобаларын (нормаларын) кездестіргенін» баян етті. Өкініштісі, кейін қайта жіберілген әлгі қызметкер бұрынғы жазуларды таба алмапты. Өйткені, ХХ ғ.-дың 70-жылдары Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жүргізілген күрделі жөндеу және қалпына келтіру кезінде ұлт мәдениетіне немқұрайды қарайтындардың кесірінен әлгі ешқандай баға жетпес қайран жазулар мәңгілік жоғалған көрінеді. Бірақ, С.Байжановтың айтуына қарағанда, әлгі қызметкер өзінің алғашқы сапары барысында (1977 ж.) сол жазулардың біраз үзінділерін қойын дәптеріне жазып алған екен. С.Байжановтың жоғарыда аталған мақаласындағы Жеті Жарғы жөніндегі мәтін осы үзінділер.

Академик С.Зиманов пен Н.Өсеровтің мақаласында айтылатын С.Байжановтың қол астындағы қызметкер деп отырғаны С.Байжановтың аталмыш мақаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі музей экспозициясынан Жеті Жарғының мәтінін қағазға түсірген Ж.Ахмадиев атты көзқарақты азамат. Н.Өсеровтің жеке мұрағатындағы сақтаулы Әлқуат Қайнарбайұлының қолжазбасындағы Жеті Жарғының ережелері мен Ж.Ахмадиев жазып алған Жеті Жарғының ережелерін өзара салыстырғанда олардың бір мәтін екендігіне көз жеткізу қиын емес. Бұл жерде авторлардың қайсысының Жеті Жарғы туралы мәтінді қашан және қалай

қағаз бетіне түсіру жайтын тәпшігеп таратып айту артық деп санаймыз. Тек ескерер гәп – Н.Өсеров Әлжуат Қайнарбайұлынан алған өзінің материалын Ж.Ахмадиевтің Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне алғаш барған уақытынан бұрын, яғни, 1976 ж. жариялады (Қазақ ССР ҒА-ның Жаршысы. 1976, №1); (С.З. Зиманов, Өсеров Н. IV Т. 2005. 286-288 бб.).

Қалай дегенмен де, Жеті Жарғының осы нұсқасы, сөз жоқ, дәстүрлі қазақы ортадағы әдеттік құқық қағидаларының мазмұны мен қолданысының этнографиялық бітімін дәл бергендігімен құнды. Мәтінде көшпелі социумдағы әдеттік құқықтың ежелден орныққан атаулар, ұғымдар мен категориялар жүйесінің (мысалы, «бүтін құн», «жарты құн», «үш тоғыз айып», «қалыңсыз қыз», «ақ баталы жесір» және т.с.с.) өзінің ілкі (қазақы) болмысын толық сақтағандығын, бәлкім, оның (яғни, «Жеті Жарғының») Тәуке ханның заманында жасалғандығының көрнекті айғақтарының бірі ретінде қарастыру қажет шығар.

Жеті Жарғының осы нұсқасының ерекше ден қойдырар тағы бір қыры – ондағы айыпкерлер мен қылмыскерлерге қолданылатын айып пен жазаның түрлері, кесілген құнның мөлшерлері және қолданыс үрдісі жоғарыда айтылған Шүкірәлиев-Спасскийдің, А.И.Левшиннің, Г.Гавердовскийдің нұсқаларындағы, сондай-ақ, XIX ғ.-дағы орыс зерттеушілерінің қазақтың әдеттік құқығы туралы еңбектеріндегі тиісті мәліметтерге толық сәйкес. Бұл дәстүрлі қазақы ортадағы әдеттік құқықтың ежелден қалыптасқан нормалары мен принциптерінің тарихи үдерістердің сан ғасырлық тегеурініне төтеп берген өміршеңдігін, яғни, Жеті Жарғының негізгі қағидаларының Тәуке хан хандық құрған кезеңнен кейін де – қазақ социумының тарихи тағдырының соңына дейін өзінің функционалдық қауқарын сақтағандығын айғақтаса керек.

Қазақтың әдеттік құқығына, соның ішінде, Жеті Жарғыға байланысты ерекше құнды қазақы деректердің көрнектілерінің бірі – атақты Сакқұлақ бидің баласы Ералы биге өсиеттеген қолжазбасы. Оны кезінде академик С.Зимановқа бидің немерелері табыстаған екен. Қолжазба «Есім ханның ескі жолы» деп аталады (Е.Сакқұлақұлы. IV Т. 2005. 145-152 бб.).

Яғни, қолжазбаның жалпы контекстісі бойынша, Сакқұлақ бидің өзі онда тарихта Еңсегей бойлы ер Есім деген атпен әйгілі ханның билік құрған кезінде (1598-1628) жасалған заңдар жинағы жазылған деп санаған сынайлы. Біздің ойымызша, әлі де жан-жақты да, жүйелі зерделеуді қажет ететін бұл қолжазбадағы әдеттік құқық қағидаларының қазақ социумының орыс отаршылдығы әбден орныққанға дейінгі тарихи кезеңдерінің бәріне, соның ішінде Тәуке хан хандық жүргізген заманға да қатысы бар. Мұны, біріншіден, қолжазбадағы қағидалардың бізге мәлім әдеттік құқықтың дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған негізгі нормалары және принциптерімен толық сәйкестілігінен, екіншіден, ондағы Жеті Жарғыға байланысты үзінділердің кездесетіндігінен аңғару әсте қиын емес. Аталмыш қолжазба 2005 ж. «Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер» атты 10 томдық еңбектің IV томында жарияланды. Бұл қолжазбаны ретке келтірген кезінде Семей Мемлекеттік педогогикалық институты тіл және әдебиет кафедрасының доценті болып оқытушылық қызмет атқарған Тұрсынбай Ералиев есімді азамат. Күні бүгінге дейін арнайы зерделі зерттеудің еншісіне айналмаған осы бір аса құнды материал көшпелі ортадағы қолданыста болған әдеттік құқықтың құрылымы мен оның сан алуан реттеуші функциясы жөнінде ғана емес, құқықтық қатынастың да болмыс-бітімі туралы да толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік береді.

I бап

А) Ердің құны. Бұл басқа біреудің қолынан қаза тапқан кісі өліміне тең заң. Осы заң бойынша өлген кісіге – өлтіруші құн төлеуге міндетті. Ер адамның құнына жүз жылқы, алты жақсы (6 түйе) кесілген. Ол барлық еркек үшін бай, кедей, жас-кәрі демеі бірдей. Бұл алынған өлшеуден артық құнның мынадай түрі бар:

1. Өнер құны. Оған жүлде алған атақты адамның құны жатады. Жүлде алған деп, жұртқа белгілі ақындар мен топқа түсіп бәйге алған балуандар есептеледі, олардың құны үшін екі кісінің құны 200 жылқы, 12 түйе кесілуі керек.

«Еңсегей бойлы Есім ханның көкала бестісін ұры ұрлағанда, би құнына осы заңға сүйеніп, бір-ақ бесті кесіпті. Өйткені, ханның көкала бестісі қанша жүйрік болғанымен бәйгеге қосылып, жүлде алмаған екен».

2. Сүйек құны. Оған өлген кісінің сүйегі үшін төленетін құн жатады. Мәселен, өлген адамның сүйегі туған-туысқанының қолына түспей, жоқ болып кетсе, не ит-құсқа жем болса, ол үшін де екі адамның құны төленген. Бұл екі түрлі құнды үстеме құн дейді.

Даудың тексерілуі кісі өлтіруші – қанды қолдың үстіне өтіледі. Қылмыс істеуші адамды қанды қол деп атайды. Мұндай қылмысқа бүкіл руы түгел жауап беруі тиіс.

Ол мынандай: Егер қанды қол мейлі кедей адам болсын, құнды барлық ру ортасынан төлеуге міндетті. Сондай-ақ дауға келген талапкерлерді ел болып күтіп алуы тиіс және шыққан шығынға руы түгел ортақ болуы керек.

Құн сұрауға келген адамдарды – құныкер, даугер дейді. Екі жақ тәртіп бойынша өз дәлелдерін, айғақтарын айтады. Бітімі би ақырында өз шешімін айтады.

Ә) Әйел адамның құны туралы іс жүргізу тәртібі. Әйел құнын қарағандағы іс жүргізу тәртібі ерлерге ұқсас, тек әйелдерге құн ерлерге қарағанда кем кесіледі. Ол мынандай: Құн қалыңмалдың шамасы мөлшерімен өлшеніп, өлген әйелдің тұқымының қызына алатын қалыңмалы қандай болса, сондай мал төленеді, не болмаса қыз орнына өлтіруші қалыңсыз қыз беруі тиіс. Сондықтан әйел құны әр түрлі, қыз әкесі құда болған жерінен алып-беріп жүрген қалыңмалы қырық жеті болса, қырық жеті, отыз жеті болса – отыз жеті т.т. шамамен өлген әйелге құн беруге міндетті.

Б) Ердің құнынан соңғы ең қымбат зат ретінде жүйрік атты есептеп, оны кісі өлімі бабының бір тармағына енгізіпті. Оның себебі, сыртқы жаумен шабысқандығы ең күшті соғыс құралы деп санағандықтан. Оның кесіміне нақты кесім көрсетілмеген, тек жүйріктің бәйгеде алып жүрген бәйгесі мен жорықтағы келтірілген пайдасына орай шешкен.

II бап

Жесір дауы. Жесір деген – әйел жынысының ерсіз, ері өліп бос отырған жігіне тән атау. Демек, қалыңмал беріп атастырып қойған, бірақ ұзатылмаған қыз қалың төлеген елдің жесірі болып есептеледі. Сол секілді, ері өлген әйел де барған елінің жесірі болады.

Күйеуін ұнатпаса себебін айтып, дау етеді. «Ерден кетсе де, елден кетпейді» деген қағиданы елеулі кемшілігі бар күйеу жағы айтып, күйеуі туысынан не сол рудан адам таңдаттырып қосады.

Егер, таңдаған адамы бас тартса, онда әйелдің басы босап, қалыңмалы қайтарылады.

Бұдан басқа мынадай даудың шешімі өте қиын: ол ата-анасының еркінсіз, сондай-ақ төрешінің шешімінсіз өз бетімен қосылып кеткен жастар туралы дау. Мұнда алып қашқан жігіттің де, онымен кеткен қыздың да айыптары өте ауыр қылмыс ретінде қаралады. Оның жазасы – өлім. Алайда, некелесу түріне қарай әр түрлі болады: егер, әйел некеленген біреудің қосағы болса, жігітке де, әйелге де өлім жазасы бұйырылады. Егер қалыңмал алып-беріп отырған қыз болса, екі қыздың қалыңмалын төлейді, ол біреуге атастырылмаған басы бос қыз болса, қалыңмалы және оның үстіне айып төлейді. Айыптың өлшеулі кесімі болады. Олар әр түрлі. Дау әйел қашқан, айыпты адамның үстінде қаралады. Жауап беруге сол тұқым түгел қатысады.

III бап

а) Әмеңгерлік. Бұл өлген адамның жесір қалған әйелінің басқа күйеуге шығу жөнінде қаралып, көп талқылаумен шығарылған заң. Демек, марқұм болған кісінің мал-мүлік, бала-шағасы, әйел басқаға тисе, өгей әке туыстары, басқаның жаны ашымайды, ал анасынан баланы ажырату обал деп, сондықтан жесір әйел өлген кісінің туысқан аға-інісінің біріне тиісті болсын деп шешім шығарған. Жақын туысы болмаса, немере, шөбереге тиісті болады. Бас тартқан әйелге мал да, бала да берілмей, жеке басы кетеді. «Аға өлсе – іні мұрасы, іні өлсе – аға мұрасы» қағидасына әйел көнуі тиіс.

ә) Балдыз алу. Апасы өлсе, жездесі басы бос балдызын алуға құқықты. Бірақ, оны қабылдауға не қабылдамауға екі жаққа да ерік берілген.

IV бап

Қылмыстарға берілетін жаза

Жаза екі түрлі:

Біріншісінде адам жазаны басымен тартады. Екіншісінде, малымен тартады.

I. Басымен тартатын жаза:

а) Өлім жазасы. Орындалуы әр түрлі: ат құйрығына байлап, не асып, не садақпен атып өлтіреді.

ә) Дүре соғу. Көп алдында белгіленген қамшы санымен соғылады.

б) Масқаралау. Айыпкердің бетіне күйе жағылып, қара сиырға теріс мінгізіп, мойнына құрым ілініп, ауылды не жәбірленуші кісіні айландырады.

в) Елден қуу. Өз елінен қуылады. Қайда барса да айыпкер еркінде. Етек кесіп елден қуу.

Бұл жазамен жазаланғандарды ешкім қабылдамайды.

II түрі. Малымен тарту жазасы:

а) Құн тарту. Мұның өлшеуі екі түрлі: 1) ердің құны 2) әйел құны.

ә) айып тарту (үш тоғыз). Қылмысына орай әр түрлі болады.

б) үш тоғыз мал (27). Қасқа тоғыз (бір тоғыз мал) 3 қалы кілем (Қара нарға қалы кілем жауып, айып беру). 4 ат-шапан, 5 азусыз ат, жиексіз шапан (бұл айтуы бар, алуы жоқ айып).

Өлім жазасын малмен өтеуге рұқсат етіледі. Бірақ, ердің құны 100 түйе, әйел 50-ден кем болмауы тиіс.

Үкім

Есім хан қағидасы бойынша ауыр жазаның үш негізі бар:

1) Жан жазасы. 2) Мал жазасы. 3) Ар жазасы. Біріншіге – қылмыскер кісіге өлім жазасын беру жатады, оны «Қанды қанмен жуу» деп атайды. Екіншісіне – құн төлеу жатады. Үшіншіге елден қуу немесе бетіне күйе жағып, мойнына құрым іліп, қара есекке теріс мінгізіп ауылды айландырып, масқаралау жатады. Бұлардың біріншісі мен екіншісі туысқан адамдар арасындағы қылмыскерлерге жүрмейді.

Сонымен «Жеті Жарғының» заңдары төмендегі деген ұйғарымға келдік:

1. «Қанға – қан, жанға – жан». Яғни өлтірсе өлтіру, қолын сындырса қолын сындыру, көзін шығарса көзін шығару. Адам шектен тыс айуандықпен өлтірілсе, екі жақ келіспесе бұл қағида жүзеге асырылады.

2. Құн. Яғни өлімді құнмен алмастыру (Бұл үшін құныкер жағының келісімі болуы керек). Құнның мөлшері: ер адам үшін 1000 қой. Әйелдер үшін 500 қой.

3. Ақсүйектер құны қарапайым ер кісінің құнынан 7 есе артық. Яғни 7000 қой. Ақсүйек әйелдер құны – 3500 қой.

4. Сүйек құны. Өлген кісінің денесі туыстарының қолына тимегенде төленуге тиісті құн. Бұл үстеме құн мөлшерінде 1000 қой.

5. Өнер құны. Өлген кісі асқан өнер иесі болса, онда өнері үшін төленетін үстеме құн. Бұның да мөлшері – 1000 қой.

6. Егер өлген адам өнер иесі болса әрі сүйегі туыстары қолына түспей, итпен құсқа жем болып кетсе, онда үш құн алынады.

7. Екі көзді, не екі аяқты, не еркектік мүшесін, не барлық тісін, не екі қолын мүлдем жарамсыз етсе де толық құн.

8. Мысалы: екі көзін, екі аяғын, екі қолын, барлық тісін, еркектік мүшесін жарамсыз етіп, бірақ адам өлмесе, бәрібір 5 құн төлейді. Адамның қажетті бес мүшесінің әрқайсысы үшін толық құн.

9. Ері әйелін өлтірсе құн береді.

10. Әйелі ерін өлтірсе, құн алынбайды, әйелді өлтіру қажет, не бетіне күйе жағып, елден қуады.

11. Әкесі баласын өлтірсе, жауап бермейді.

12. Некесіз туған баласын ұяттан өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі.

13. Діннен безгендерді «Тас боран» қылып өлтіреді.

14. Қожаны өлтіргендер қарапайым адамнан 7 есе артық құн төлейді.

15. Қожа сұлтанды, не сұлтан қожаны өлтірсе, бәрібір қарапайым адамнан 7 есе артық құн төлейді.

16. Егер құлын өлтірсе, қожасы тек құдай алдында жауапты.

17. Жүкті әйел өлім жазасына кесілмейді.
18. Кімде-кім ері бар әйелді зорласа, өлім жазасына кесіледі.
19. Кімде-кім қызды зорласа, өлім жазасына кесіледі. Бірақ қыздың әкесінің келісімімен құн төлей алады.
20. Кімде-кім үш рет ұрлық қылып қолға түссе, өлім жазасына кесіледі.
21. Егер әдейі қаскүнемдікпен өлтірмесе, жарты құн төлейді.
22. Барымта кезіндегі қақтығыста өлгендерге толық құн төленеді.
23. Өзін-өзі өлтіргендер бөлек жерге көміледі.
24. Қандастар қанын араластырса, өлтіріледі. Бірақ басқа ру адамдары қатыстырылмайды.
25. Адамның әр мүшесі үшін белгілі мөлшерде айып төленеді. Мысалы: Бір көз, не бір қол, не бір аяқ, не бір құлақты жарамсыз етсе, 1/2 құн; бір қолдың бес саусағын кесіп алса 1/2 құн; Бір аяқтың бес саусағын кессе, 1/4 құн; саусақ үшін 100 қойдан;
26. Жүкті әйел бала тастаса, онда айып мынандай:
 - а) бала әлі белгілі болмаса, бір тоғыз; ә) 5-айлыққа дейін, үш тоғыз; б) 5 айдан дүниеге келгенше 1/2 құн; в) туылғаннан толық құн.
27. Егер жүкті әйелді өлтірсе өзіне де, балаға да айып құн төлейді (Баланың қанша айлығы ескертіледі).
28. Белі жоқ, тумысынан соқыр, жарымжан, есі ауысқан адамдарды өлтіргендер жарты құн төлейді.
29. Ойын не аң аулау кезінде абайсызда өлген адамға құн төленбейді. Тек ас-атау, көркебін беріледі.
30. Құн төлеу мерзімі жарты жылдан аспауы тиіс.
31. Құнды бүкіл руластары бірігіп төлейді.
32. Ұрлық үстінде өлтірілген ұрыға құн төленбейді.
33. Қандықолды қолдап, қуаттаған ру бүкіл халық алдында жауапты. Сондықтан да оларға «бүлінген ел», «қанды қол» ел деп айдар тағылып, қарым- қатынастарын үзген.
34. Құн дауы 50 жылда да өшпейді. Атадан балаға ата кегі ауыса береді.
35. Тоғыз үш түрлі: а) үлкен тоғыз; б) орта тоғыз. в) кіші тоғыз немесе тоқал тоғыз. Мысалы: Үлкен тоғыз, яғни түйе бастаған тоғыз: 3 түйе, 3 ат, 3 сиыр, яғни тайлақ пен ботасы бар інген, тай мен құлыны бар бие, тайынша мен бұзауы бар сиыр болуы керек; Орта тоғыз яғни ат бастатқан тоғыз: 3 ат, 3 сиыр, 3 қой яғни: тай, құлынды бие, тайынша, бұзаулы сиыр, тоқты, қозылы қой;
- Кіші тоғыз яғни тоқал тоғыз негізінен 8 бас ұсақ малдан тұрады. Тоғызды айып ретінде де, сыйлық ретінде де беруге болады. Тоғызды айыпкердің өзі не руластары бірігіп төлейді.
36. Ері жезөкшелік жасаған әйелінің үстінен шықса, екеуін де өлтіре алады.
37. Қылмыс үстінде ері әйелін де, ойнасын да өлтірсе жауап бермейді.
38. Құлдың қожасы үстінен арызы тыңдалмайды.
39. Бірінші рет ұрлық істеген ұры 27 есе (үш тоғыз) артық айып береді.
40. Кімде-кім ұрлық пен өлімді қатар істесе, осы екі қылмыс үшін айып төлейді.
41. Әкесі ұлын сүндетке отырғызуға, үйлендіруге, енші беруге міндетті.
42. Ұлы ата-анасына тіл тигізсе, не ұрса онда ұлын қара сиырға теріс мінгізіп, мойнына құрым киіз іліп, бетіне күйе жағып, ауылды айландырады әрі қамшымен ұрып отырады.
43. Ата-анасына тіл тигізген қыз бала қол-аяғы байланып, шешесінің қолына жазалауға беріледі.
44. Ерінің ұрлығы жайлы әйелі, не болмаса балалары айтуға рұқсат жоқ.
45. Енші алған баласы өлсе, оның балалары болмаса, мал-мүлкі әкесінің қарауына өтеді.
46. Жетім балалар ержеткенше ең жақын туыстарының, не абзал адамның қарамағына беріледі.
47. Ер бала кәмелетке 15, қыз бала 16 жаста толады. Осы жастан кейін қарамағына алған адам жетімге тиісті мал-мүлкін өзіне беруі тиіс.
48. Қазақтар үшін 7 атаға дейін қыз алысуға тыйым салынады.

49. Қалыңмал түгел төленіп болғаннан кейін үйленуге рұқсат етіледі.
50. Қалыңмал мөлшері 47,37, 17 болсын. Ескі кәденің бәрі сақталсын.
51. «Аға өлсе ініге мұрас, іні өлсе ағаға мұрас» деген әменгерлік дәстүр сақталсын.
52. Жесір ерінің асы берілгеннен кейін әменгеріне тұрмысқа шығады.
53. Өлген адам бірнеше ағайынды болса, жесір алдымен жасы үлкеніне тиісті.
54. Жесір әйелдің жасы келіп қалған, бала-шағалы болса, ерге шықпауына болады.
55. Жасы келіп қалған жесір баласыз болса, ерінің не аға, не інісінің ұлын бала етіп алуына болады.
56. Әйел тек отбасының емес, бүкіл руының қарауына өтеді.
57. Қара шаңырақ иесі болып кенже ұл саналады.
58. Қылмысты анықтау үшін екі-үш куә болу керек.
59. Егер куәлер болмағанда «жан беру», «ант ішу» қолданылады. Абзал, әділ адамдар «жан бере» алады.
60. Айыпкер не даушы, сол секілді әйелдер, кәмелетке толмаған балалар, есі ауыстар, құл-қызметшілер «жан беруге» қатыстырылмайды.
61. Сұлтандар «ант ішпей-ақ» куә бола алады.
62. Біреудің әйелін зорлап алып кетуші өлім жазасына кесіледі.
63. Егер әйел келісімімен алып кетсе, онда еріне қалыңмалмен оның үстіне қалыңмалсыз бір қыз беруі керек.
64. Әйелінің ойнастығын көрмесе, тек естісе, ері әйелін де, ойнасын да биден өлім жазасына кесуге талап ете алады. Бірақ олардың кінәлі еместігіне 4 әділ адам «ант ішсе» би оларға ешқандай да жаза қолданбайды.
65. Әйелді ренжіткен адам кешірім сұрауы керек. Егер кешірім сұрамаса, айып төлейді.
66. Христиан дінін қабылдаушының барлық мал-мүлкі тартып алынып, өзі қоғамнан қуылады.
67. Жүйрік тазыны не қыран бүркітті өлтіргеннен иесі құл мен құн талап ете алады.
68. Барымтадан басқа барлық мал біреудің қолында болса, иесіне төлімен қайтарылуы тиіс, әрі жасырмағаны үшін «ант ішуі» керек.
69. Кімде-кім ұрлық істеп екі рет қолға түссе, сол мал-мүлік алынып, оның үстіне жарты құн төлейді.
70. Кімде-кім ұрлық істеп үш рет қолға түссе, өлім жазасына кесіледі.
71. Егер аштықтан үш рет ұрлық істеп қолға түссе, ол адам өлім жазасына кесілмейді.
72. Тұзақ не қақпанға түскен аңды ұрлаушы, иесіне 3 есе айып төлейді.
73. Бір рудың қоныс-жайына екінші ру көшіп-қонуға рұқсат етілмейді.
74. Құн және мөлшері көп айыпты бүкіл руластары төлейді.
75. Қаза болған адам ислам діні дәстүрімен қойылады.
76. Өлген адамның қарызы мал-мүлкінен төленеді.
77. Қонақ асы, атының жемі тегін болсын.
78. Өлген адамның мал-мүлкінің жартысын ұлы, қызы 1/4 бөлігін, әйелі 1/7 бөлігін алады.
79. Өлген адамның балалары болмаса, оның мал-мүлкінің әйелі 1/7 бөлігін ғана алады, қалғаны ең жақын туыстарына түседі.
80. Билік тұқым қуаламайды.
81. Киіз үйдің байлауы жібін шешіп кірген ұрының айыбы күшейе түседі.
82. Өз діндестерін құл не құн етуге болмайды.
83. Құл мен күңнен туған бала азат саналады.
84. Жалшыны жалдағанда куәнің қажеті жоқ.
85. Жалшының ақысынан басқа тамақ-киімі, жатар орыны жалдаушының мойында.
86. «Зекет» малдан алынады (1/40 бөлігі).
87. «Ұшыр» егін егушілерден алынады. 1/10 бөлігі
88. Күзде сұлтандарға бірге көшіп-қонушы рулар «соғым» әкелуі тиіс.
89. Көктемде сұлтандарға «сыбаға» (пісірілген) берілуі керек.
90. Жоғалған мал-мүліктің 1/2 не 1/4 бөлігі сүйіншіге беріледі.

91. 4 әйел алуға рұқсат етіледі.
 92. Үш рет «талақ» айтса неке бұзылады.
 93. Ерімен әйелі ажырасқанда балалары ерінде қалады.
 94. «Үш рет талақ» айтып ажырасқаннан соң әйеліне қайта қосылуға болады, ол үшін әйелі басқа біреумен некелесіп, ажырасуы тиіс.
 95. Ері екінші рет өз әйеліне үйленгенде қалыңмал төлемейді.
 96. Ері үш рет «талақ» айтқан күні әйел ерінен кетуі керек. Егер жүкті болса босанғанша қалуына болады.
 97. «Жан беру» молда, не би қатысуымен қабір басында, қасиетті жерде өтеді.
 98. Керуен басы түйені иесіне келіскен уақытында аман-сау қайтаруы тиіс.
 99. Түйе иесі түйесінің ашамайын, үш бөлек арқанын беруі керек.
 100. Түйесін өлтірсе, керуенбасы сондай түйе төлеуі керек.
 101. Қарақшылар керуенді талап алса, иесіне түйесін қайтармайды.
 102. Мал-мүліктің бағасы қоймен есептелінеді.
 103. Егер жесір әйел жақын туыстарына емес, алысырақ бірақ сол руға ерге шыкса, онда іргеден шығару дәстүрі қолданылсын.
 104. Қылмыскер айыпты төлеуден бас тартса және оны бүкіл руластары қолдап-қуаттаса, онда даугер жағы өз ру басшысының рұқсатымен барымта жасай алады. Бірақ ру басшысы барымта жасалынған мал мөлшерінен артық болмауын қадағалау шарт.
 105. Барымтада артық алынған мал ұрлыққа саналады.
 106. Би мен бітістірушілерге іс бітіргені үшін дауланған мал-мүліктің 1/10 бөлігі.
 107. «Хандық ақы» сол мал-мүліктің 1/5 мөлшеріне тең болсын.
 108. Кәмелетке жеткен ер кісі бесаспап қаруын асынып жүруге тиіс. Қарусыз адам құрметтен шет қалып, ез саналсын.
 109. Хан, сұлтан және билер әр жылы май айында «билер кеңесін» өткізіп, елдің ішкі-сыртқы ең түйінді мәселелерін шешіп отырсын.
 110. Хан, сұлтан, би, ру ақсақалдары, батырлары әр жылы күзде «халық мәжілісін» өткізіп тұрсын.
 111. «Билер кеңесі» не «халық мәжілісі» шешкен мәселені келесі «кеңес» не «мәжіліске» дейін ешкімнің де бұзуға хақысы жоқ.
 112. Хан қарап шешкен дау мәселесі – ең соңғы тұжырым. Оны қайта ешкімнің қарауға хақысы жоқ.
 113. Әр рудың ұраны, таңбасы болсын. Таңбалары малының сол санына басылсын.
 114. Жалпы қазақтарға «Алаш» ұраны сақталсын.
 115. Өлім жазасы: ат құйрығына сүйретіп, тас боран қылып атқылап, төрт асауға төрт аяқ-қолын байлап тарттырып, қылқындырып өлтіріп амалға асырылсын.
 116. Дауды елге белгілі, қазақ әдет-ғұрпына жетік билер шешсін.
 117. Ұлы жүз Орта жүзге де, Кіші жүзге де аға саналсын.
 118. Тақ дауын сұлтандардың өзі шешсін (Е.Саққұлақұлы. 2005. IV Т. 145-152 бб.).
- Сонымен бірге, С.Зиманов пен Н.Өсеровтің айтуына қарағанда, олардың жеке мұрағаттарында «...1960-1980 жылдары ұсынылған біркелкі қолжазбалар бар» (авторлардың «біркелкі қолжазбалар» деп отырғаны мазмұндары бірдей қолжазбалар дегенді білдірсе керек – Н.Ө.) (С.З. Зиманов, Н. Өсеров. IV Т. 2005. 288 б.). Бірақ, осы «біркелкі қолжазбалар» (жоғарыда келтірілген Саққұлақ би қолжазбасынан басқасы) әлі жарыққа шыға қойған жоқ.
- «Тура би де туған жоқ» және «қара қылды қақ жарған» сынды биік этикалық кісілікті, әрі кәсіби біліктілікті білдіретін қос принципті ұстанған қазақ билерінің қай-қайсысы болсын, «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Жеті Жарғысын» жетік меңгеруді және билік айту тәжірибесінде олардың қағидаларын қолдана білуді өздерінің ұлы мұраты деп білді. Тіпті, Тәуке хан билік жүргізген заманнан әлдеқайда кейін – XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ билер үшін дәстүрлі қазақы ортадағы әдеттік құқық мәселелерін тиімді шешудің ең басты шарты аталмыш заңдардың ұстанымдарын терең меңгеру болды. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған

бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда шығарған «Жеті Жарғысын» білмек керек», – деген кезінде өзі де ұлық би болған Абайдың сөздері аталмыш заңдардың сол кезеңдегі қазақы ортада әлі де болса қауқарлы болғандығын айғақтайды (Абай. 2 Т. 1977. 133 б.).

XVIII – XIX ғасырларда қазақ өлкесінде тарихи және этнографиялық (сонымен бірге, географиялық, статистикалық, экономикалық, картографиялық және т.б.) зерттеулер жүргізген жоғарыда шінара айтылған, әрине, басқа да орыс ғалымдарының қазақ билерінің тәжірибелері мен ауызекі мәліметтеріне айрықша көңіл бөлгендіктері сондықтан. Мысалы, жоғарыда есімдері аталған Н.И. Гродеков қажетті әдеттік құқық туралы материалдарды Сыр бойының билері арасынан жинақтаса, П.Е.Маковецкий өзінің зерттеулерін Павлодар, Қарқаралы және Семей уездері билерінің ауызекі мәліметтері мен іс-тәжірибелеріне сүйеніп жазды. Яғни, аталмыш материалдар (билердің іс-тәжірибелері мен ауызекі мәліметтері) әдеттік құқықтың әлеуметтік табиғаты мен сан алуан функциясын зерттеуге арналған орыс ғалымдары еңбектерінің ең басты деректік негіздемесі болды. Әлбетте, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ өлкесінің географиясы, шаруашылығы, мәдениеті, тарихы, этнографиясы туралы орыс тарихнамасының қалыптасуында да қазақ билерінен жинақталған алуан түрлі мәліметтер айрықша рөл атқарды деп айтуға әбден болады (өйткені, қазақ билері әдеттік құқықтың ғана емес, жалпы қазақ тұрмысының да қыр-сырына әбден қанық бірегей тұлғалар болды).

Өкінішке орай, елімізде қазақ билерінен қалған қолжазба мұраларды да, қазақы ортаның игі жақсыларының осынау ерекше категориясы туралы сан алуан материалдарды да, әр түрлі фольклорлық мәліметтерді де, мұрағаттық деректерді де жүйелі жинақтауға совет дәуірінде академик С.Зиманов пен әдеттік құқықтың көрнекті маманы Н.Өсеровтен басқа ғалымдар жіті көңіл бөлген жоқ. Қазір де айтарлықтай көңіл бөлініп отырғандығы шамалы.

Жеті Жарғының мазмұны әдеттік құқықтың кейбір нормаларының жаңа уақыт талабына сай едәуір өзгерістерге ұшырағандығын айғақтайды. Бірақ, бұл өзгерістер қазақ қоғамының табиғатына кереғар келген жоқ. Жоғарыда айтылғандай, әртүрлі деректер Жеті Жарғы енгізілген Тәуке хан хандық құрған заманды «қазақтардың алтын ғасыры» ретінде сипаттайды. Қазақ социумының тарихи қауқарлылығын қамтамасыз еткен Жеті Жарғыны, ондағы өзгеріс атаулыны, біздің пікірімізше, социумның жаңа саяси жағдайға бейімделу стратегиясы ретінде бағамдаған жөн.

Дәстүрлі қазақы ортадағы әдеттік құқық тәжірибесіне Жеті Жарғының енгізген өзгерістері, біздіңше, төмендегідей:

– біріншіден, Жеті Жарғының жоғарыда келтірілген барлық нұсқаларында көрсетілгендей, бұрыннан қолданыста болған «қанға – қан» (талион) принципінің орнына Жеті Жарғының арнайы қағидасы бойынша, кісі өлтірген адам мен оның руластары (ауылдастары, туыстары) белгіленген мөлшерге сәйкес құн төлеу мүмкіндігіне ие болды. Бұл әдеттік құқық тәжірибесінде құн категориясының айыптау және жазалау құралы, әрі принципі ретіндегі маңызын ерекше арттырды (бірақ бұдан құн төлеу институтының Тәуке хан хандық құрған кезеңнен ілгері заманда болған жоқ деген жаңсақ ұғым тумаса керек);

– екіншіден, Тәуке хан заманында ислам діні ықпалының күшеюіне байланысты аталмыш заңдар жинағында қожалардың әлеуметтік статусы заң жүзінде төрелер мен сұлтандарға теңестірген және олардың аксүйектік мәртебесін қорғайтын арнайы баптар пайда болды;

– үшіншіден, Жеті Жарғыға (А.И. Левшин, Ә. Қайнарбайұлы және Саққұлақ би нұсқаларында) христиан дінін қабылдағандар үшін арнайы жаза кесетін бап енгізілді. Бұл осы кезеңде қазақы ортаның барлық салаларында орныққан мұсылмандық ұстанымдарды ресми қорғау еді;

– төртіншіден, Жеті Жарғыда (Г.Гавердовский, А.И. Левшин, Саққұлақ би нұсқаларында) жыл сайын күз айында қазақ қауымының хан бастаған игі жақсыларын – сұлтандарды, ақсақалдарды, рубасыларын ел-жұрттың ен ортасында көкейкесті мәселелерді талқылау үшін жиналуға және жиынға қатысушыларды тек қару-жарақпен ғана келуге міндеттейтін арнайы бап енгізілді. Мұны, бір жағынан, хандық билікті де, ол басқаратын әкімшілік-саяси жүйені де күшейтуге бағытталған құқықтың шара, екіншіден, Тәуке хан заманындағы жаугершілік

ахуалға байланысты социумның әскери ұйымдасу үрдісін білдіретін ерекше жайт деуге болады;

– бесіншіден, Жеті Жарғыда (Г.Гавердовский, А.И. Левшин, Сакқұлақ би нұсқаларында) әр рудың және оның үрім-бұтақтарының (бұл орыстың поколение деген терминінің қазақша эквиваленті болып табылады) малдарын таңбалауға міндеттейтін арнайы бап пайда болды. Бұл көшпелі ортадағы руаралық және жүзаралық байланыстың үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық жолмен рәсімделген пәрменді шаралардың бірі болды.

Әсіресе, Жеті Жарғыда ең көп және жан-жақты қаралған іргелі мәселелер ретінде дәстүрлі қазақы ортадағы отбасы қатынастарын реттеуге байланысты енгізілген баптарды айтуға болады. Мысалы, А.И. Левшиннің 34 баптан тұратын нұсқасының 9 бабында, ал 118 баптан тұратын Сакқұлақ би нұсқасының 39 бабында отбасындағы әртүрлі себептерден туындайтын сан алуан мәселелерді реттеудің көшпелі ортаға тән құқықтық механизмі (нормалары, принциптері, тәсілдері) негізделген. Бұл – түсінікті жайт. Өйткені, отбасы дәстүрлі қазақы ортада ішкірулық қатынастар жүйесінің ғана емес, жетіата (ру-қауым) ішінде қыз алысып, қыз берісуге тыйым салатын экзогамиялық принципке байланысты руаралық қатынастардың да негізгі институционалдық субъектісі (белгілі жағдайға байланысты объектісі де) болды.

ЕСКЕРТУ

* Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – жазу-сызуы жоқ этномәдени ортада ұрпақаралық-этникалық айтулы оқиғаларды еске сақтау және оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру функциясын, Ю.М. Лотман теориялық негіздегендей, мнемоникалық кешен атқарып отырды. Бұл жүйе-кешен ру-қауым территориясындағы өзара функционалдық байланыстағы рулық қорған (мола), сан түрлі қасиетті деп саналған табиғи объектілер – тау, төбе, шатқал, көл, тіпті, біртұтас далалық алқап және т.б. осыларға байланысты ежелден орныққан сан алуан мифтер, ертектер, әпсана-аңыздар, жырлар, эпикалық шығармалардан тұрды (Ю.М. Лотман. 1987. С. 3-11.). Аталмыш кешеннің мұндай қызметін кейде меморативтік функция деп те атайды.

1. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: «Рауан» 1992.
2. Зиманов С.З., Әсеров Н. «Жеті Жарғы» – қазақ заңдарының жиыны // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 286-300 бб.
3. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков. Вопросы политической и социально-экономической истории. Алма-Ата, 1977.
4. Гавердовский Я. Журнал, веденный Свиты его императорского величества поручиком Гавердовским и колоновожатыми Ивановым и Богдановичем во время следования их по высочайшему повелению через Киргизскую степь в провинцию Бухарию, с различными наблюдениями, с описанием всех случившихся происшествий, равно как и о возвращении в Россию в 1803 году, с кратким уведомлением об отправлении посольства в азиатское владение // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. V том. Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. С. 17-154. (Сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаева).
5. Гавердовский Я. Обзорение Киргиз-Кайсакской степи (часть 1-я) или Дневные записки в степи Киргиз-кайсакской 1803 и 1804 годов // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. V том. Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. С. 155-282. (Сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаева).
6. Гавердовский Я. Обзорение Киргиз-кайсакской степи (часть 2-я) или Описание страны и народа киргиз-кайсакского // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. V том. Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. С. 283-495. (Сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаева).
7. И.В.Ерофеева. Рукописное наследие поручика Я.П.Гавердовского по истории, географии и этнографии Казахской степи // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. V том. Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. С. 5-16. (Сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаева).
8. Гавердовский Я. О законах Тауке хана // Қазақ хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV том. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. С. 252.
9. Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды // Сибирский вестник. СПб., 1820. Ч.9. кн. 1. С. 1-61; Кн.2. С.185-188.
10. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. С.170-178.
11. Шангин И.П. Дневные Записки путешествия в степи киргиз-кайсаков Средней орды (1816 г.). // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. VI том. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. С. 119-123.

12. Д.Я.Самоквасов. Сборник обычного права сибирских инородцев. Варшава: Типография «Ивана Носковского». 1876.
13. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С. 45-167.
14. Плотников В.Н. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗСО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С. 45-167.
15. Загряжский Г. Юридические обычаи киргизов. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву (зан) // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Под. ред.: Маева Н.А. Вып. IV. СПб., 1876. С. 151-202.
16. Леонтович Ф.И. К истории права русских инородцев. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий (Цааджин-Бичик). Одесса, 1879.
17. Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. I. Омск: Тип. Округ. Штаба, 1886.
18. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т. I. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889.
19. Гурлянд Я. Степное законодательство с древнейших времен по 17-ое столетие. Казань, 1904.
20. Саксұлақұлы Е. «Есім ханның ескі жолы» // (Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 145-152 бб.
21. Вяткин М.П. «Сказки» XVIII века как источник для Казахстана // Проблемы источниковедения. Сб. 3. М., Л., 1940. С. 45-60.
22. Вяткин М.П. Батыр Срым. М., Л., 1947.
23. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в начале XVIII в. Алма-Ата, 1948.
24. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата, 1955.
25. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 Т. Алматы: Жазушы, 1977.
26. Өзбекұлы С. Тәуке хан. Жеті Жарғы. Алматы: Санат, 1994.
27. Кенжалиев З. Ж. Дәстүрлі казак қоғамындағы кошпелі құқықтық мәдениет. Алматы: Жеті Жарғы, 1998.
28. Никишенков А.А. Степной закон. Обычное право казахов, киргизов и туркмен. М.: Старый сад, 2000.
29. Зиманов С.З. Казак хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 19-34 бб.
30. Зиманов С.З., Өсеров Н. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдары хақында // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 152-157 бб.
31. Зиманов С.З., Өсеров Н. «Жеті Жарғы» – казак заңдарының жиыны // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 286-300 бб.
32. Зиманов С.З., Өсеров Н. Жеті Жарғы жөнінде // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 382-385 бб.
33. Өсерұлы Н. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, этнография және археология Институтының қолжазба қоры. 12-дәптер.
34. Өсерұлы Н. Тәуке хан және оның билік құрған кезені // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 360-382 бб.
35. Өсеров Н. Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 382-385 бб.
36. Өсеров Н. «Жеті Жарғының» құрылымы және мазмұны // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 453-475 бб.
37. Шүкірәлиев К. Тәуке хан «Жарғысы» хақында мағлұмат // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV Т. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 492-494 бб.
38. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Сост.: И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
39. Әлімбай Нұрсан. Кошпелі ортадағы қоғамдық қатынастардың ұйымдық тең қабырғалы үшбұрыш принципі // Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған II халықаралық ғылыми конференция материалдары (Ақтобе. 14-18 қыркүйек 2011). Алматы-Ақтобе: Арыс, 2011. 164-168 бб.

Summary

In the article, the author proposes a new classification of the main Russian-language versions of "Zheti Zhargy" (seven generations) is a collection of codified judicial articles of the customary law of the Kazakhs. The source study aspects of a number of handwritten versions of "Zheti Zhargy", discovered by prominent Kazakh scholars-lawyers academician S.Z. Zimanov and Professor N.

Userov among the modern descendants of the famous Kazakh biis in the historical past are also analyzed.

Keywords: nomadic society, "Zheti Zhargy", the customary law of the Kazakhs, Russian historiography.

Самашев З.

т.ғ.д., профессор, Берел тарихи-мәдени қорық
мұражайының бас ғылыми қызметкері

Чотбаев А.Е.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНДАҒЫ САҚТАР МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ елінің қиыр шығысы өзінің табиғи-ландшафтық ерекшеліктерінің және де жер асты байлықтарының молдығының арқасында сонау қола дәуірі, немесе одан да еретек кезеңдерден бастап Орталық Азиядағы этно-мәдени үдірістердің қалыптасып дамыған ошақтарының біріне айналғаны мәлім. Ғылымда әлі де болса шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі - көне бақташылар мен металлургияның экономикалық басымдылығынан көшпелі мал шаруашылығына қарай бет бұруының табиғи, әлеуметтік немесе басқа да себептерін нақты анықтау, сондай ақ алғашқы сақтардың мәдени кешенінің компоненттерінің қалыптасуы мен оның әді қарай трансформациялану механизмінін жіктеп зерттеуде Қазақ Алтайы өңірінде кейінгі жылдары ашылып зерттелген кез келген археологиялық ескерткіштердің ғылыми маңызы өте зор.

Өңірде сақ заманына тиесілі Күрті, Зевакино, Елеке сазы, Шілікті, Бәйге төбе, Майемер, Таутекелі, Берел, Қарақаба секілді жерлеу-ғұрыптық кешендері осы мұраның қазіргі кезде белгіліленіне жатады. Осы ескерткіштер қатарына біздің 2018 жылы «Қазақ Алтайындағы сақ мәдениетінің эталонды ескерткіштері» атты жоба аясында зерттеу жүргізген Топқайың қорымын да қоюға болады. Аталған қорым археология ғылымына «Солонечные белки» деген атаумен белгілі, себебі, бұл жердегі алғашқы қазба жұмыстарын 1911 жылы А.В. Адрианов жүргізіп, оның нәтижелерін ғылыми айналымға енгізген [1, 105-111 б].

Топқайың қорымы осы кезге дейін майемер мәдениетіне жатқызылған, алайда, биылғы зерттулердің нәтижесінде, қорым қазір белгілі болғандай екі кезеңнің ескерткіштерінен құралған. Себебі өткен жылы зерттелген ескерткіштердің бірінен пазырық мәдениетіне тән ғұрыптары бар жерлеу орны табылды, бұл мәйіттің бір ерекшелігі ішінен табылған заттар Алтайдың пазырық мәдениетінің алғашқы кезеңіне тән екені анықталып отыр.

Ескерткіш, жер үсті құрылымының орта тұсында диаметрі 3,5-4 м болатын таяздау, шеттерін қалың шым қабаты басқан, тонаушылар қалдырған шұңқыр байқалатын, №2 оба(сур.1).

Зерттеу барысында обаның дөңгелек пішіндегі құрылымы белгілі болды, және де оны айналдыра бекіткен тұғыр тастары анық байқалады. Тұғыр әдеттегідей тақта және малта тастарынан құралған. Үйінді негізінен өзеннің домалақ тастарынан жасалған, арасында аздап жақпар тастар да кездеседі. Архитектуралық сипаты жағынан Топқайың обасы осы араға жақын орналасқан Берел және Қарақаба қорымдарында ұқсайды.

Обаның жер үсті құрылысының диаметрі 11,5 м, биіктігі 0,5 м. Ескерткіштің жер үсті құрылысын зерттеу кезінде оба негізі үлкен тастардан құрылып, үстіне қарай салынған тастары көлемі жағынан кішірейе беретіндігі анықталды. Сонымен қатар, негізгі тастар шеңберленіп қойылған, бұндай шеңбердің төртеуі анықталды, олардың аралары 1-1,5 метрден. Осы шеңберлердің арасындағы кеңістік ұсақ малта және қиыршық тастармен толтырылған.

Обаның геометриялық ортасында қабір шұңқыры орналасқан, пішіні тік төртбұрышты, шығыстан батысқа қарай 2,3 м, солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 м. Қабірдің іші 0,8 метр тереңдікке дейін әр түрлі көлемдегі өзен тастарымен толтырылған, ары қарай түбіне дейін ұсақ қиыршық тас араласқан топырақпен толтырылған. Осы аралас қабаттың астынан қабірдің